



НАРЫҚ

АҚМОЛА
ОБЛЫСЫ

13 000 ТЕҢГЕ



АЛМАТЫ
ОБЛЫСЫ

13 500 ТЕҢГЕ



ҚАРАҒАНДЫ
ОБЛЫСЫ

14 000 ТЕҢГЕ

КӨМІР



КҮЙІП ТҰР

ТҮРКИСТАН
ОБЛЫСЫ

14 500 ТЕҢГЕ



ЖАМБЫЛ
ОБЛЫСЫ

15 000 ТЕҢГЕ



ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ

17 000 ТЕҢГЕ

БАҚ: Бас прокуратура көмір бағасының өсу себебін тексеруге кірісті

Дереккөзі: Интернет

ҚЫЛМЫС

Түйе ұрласаң да, түйме ұрласаң да – қылмыс. Ал шетелде жүріп жасаған жамандықтың дақпырты алысқа кетеді. Жуырда Моңғолияда 40 мыңға жуық адамды сазға отырғызып кетті деген күдікпен жерлесімізге халықаралық іздеу жарияланды. Қазір оны Интерполдың Моңғолиядағы бөлімшесі іздестіруде. Моңғол азаматтарын алдап соққан отандасымыздың аты-жөні, бұрын қандай жұмыспен айналысқаны анықталып отыр.

Сонымен, айдың-күннің амаанында бірнеше мың адамның ақшасын үттеп кеткен ол кім? Моңғол сайттарында күдіктінің есімін «Марат Мәженов» деп көрсетіпті. Аты-жөні белгілі болған соң, әлгі Мәженовтың өмірбаянын ақтарып көрдік. Сөйтсек, ол бұрын төтенше жағдайлар қызметінде жұмыс істепті. Одан кейін Шығыс Қазақстан облыстық департаментінде бөлім басшысы болған көрінеді. Қысқасы, басшылық қызметтерді атқарған азамат.

Зейнетке шыққан М.Мәженов қарап жатқысы келмеген сияқты. «Жи Тайм» деп аталатын қаржы пирамидасын құрып, сонымен айналысқан. Пирамиданың бір канатын моңғол жерінен көркейткісі келген М.Мәженов 2016 жылдары Ұланбатырда өз «бизнесін» жүргізеді. shuurhai.mn сайтында оның жұмысының

әжептәуір жүргенін байқауға болады. Сайттағы фотосуретте «Жи Таймның» салымшыларына көліктің кілтін беріп жатқаны анық көрсетілген. Бірақ бірнеше мың адамның сеніміне кіріп, миллиондаған ақшаны қалтасына басқан Мәженов күндердің бір күні ізін суытқан. Одан жапа шеккен адамдардың арасында 30 миллион төгерік (Моңғолия ақшасы) салғандар да болыпты.

fact.mn сайтында жерлесіміздің Моңғолия азаматтарын қалай алдағаны туралы әр түрлі ақпарат жазылған. Соның бірінде Марат Мәженовтың бизнес пирамидасын әйелі екеуі жүргізгені, олардың қатарына бірнеше мың адамның тартылғаны айтылған. Әйелі елден кетіп, Мәженов «Шығысхан» әуесжайында қолға түсіпті.

Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияровтың айтуынша, 2017 жылдың ақпан айында Қазақстан азаматы Марат Мәженовты Моңғолия құқық қорғау органдары ұрықтаған. Оны төрт ай бұрын ғана үй қамаққа жіберген екен. Сол кеткеннен мол кеткен.

А.Смадияров «Оған алаяқтықпен айналысты деген күдік тағылған. Бірақ қазіргі уақытта күдікті Моңғолия аумағынан шығып кеткен. Қайда жүргені белгісіз. Интерпол іздеп

АДЫМЫ ҚЫСҚА ҚУЛЫҚ



жатыр. Егер ол Қазақстан аумағында болса, Интерполдың еліміздегі өкілдері оны ұстап, Моңғолия тарапына тапсырады», — деп мәлімдеді.

Марат Мәженов құрған «Жи Тайм» компаниясының арбауына түсіп қалған 38 мың адам 16 миллион долларынан айырылған. Қаржы пирамидасын өз елімізде емес, шетелде емін-еркін жүргізген Мәженов өзі «қаржы пирамиданың патшасымын» дейді екен. Моңғолия сайттарында «Жи Тайм» компаниясына алданған халық ел билігіне наразылық білдіріп жатқаны туралы да жазылған. «Зансыз бизнес жүргізген шетелдіктерге рұқсат беріп отырған құзырлы мекемелердің бәрі осы іс бойынша жауап беруі керек», — депті.

Айтпақшы, атакты Мәженов Моңғолияда жұртты шулатып жүргенде, біздің елде де осыған ұқсас алаяқтық оқиға қылаң беріп жатыр. Бұл жетіде эстрада әншісі, өнерімен танылған Амангүл Сәндібаеваның Астана мен Атырау жұртын тақырға отырғызып кеткенін хабарлады. Қолда бар ақпаратқа сенсек, әнші «Ақ Жайнақ» деген қаржы пирамида құрып, оған әншілерді және қарапайым халықты тартқан. Қазірге дейін Сәндібаевадан зардап шеккендердің ұзын саны 5 мың адамға, жалпы сомасы 109 миллион теңгеге жеткен.

Иә, аты-шулы Мавродидің «ізбасарлары» көбеймесе, азаяр емес.

Жарас ШӨКЕ

ТҮЙТКІЛ

АНАСЫН ІЗДЕГЕНДЕР



Мынау жарық дүниеге «іңгәлап» нәрестенің келгені қандай? Құйтақандай ғана тіршілік иесі. Жақындарына қаншама қуаныш сыйлайды десеңші! Дәл осы сәтте шаттыққа шомылған шаңырақты қайғының қара

бұлты басады деп ешкім ойламайды ғой. Бірақ адам өмірі айтып келмейтін қауіп-қатерге толы. Ең өкініштісі, кейбір қауіп-қатердің алдын алуға болар еді. Өзекті ертейтеіні де осы тұс. Перзентханада ана мен бала өліп кетсе, болашақ аналар өз денсаулығын кімге сеніп тапсыра алады? Күні кеше Көкшетау қаласында орналасқан облыстық перинаталды орталықта көз жұмған Красный яр селосының тұрғыны Әйгерім Бескүлтанованың обалы кімге? Жыл басынан бері перзентханада көз жұмған төрт ананың артында қалған ұрпағының көз жасын кім өтейді?

(Жалғасы 3-бетте)

ҚАЗ-ҚАЛПЫНДА

БІР ТАЛ ӨРІК



Екі кішкене ұлмен отыз жаста жесір қалыпты. Жолдасы Бертай отыз төрт жасында көз жұмған. «Бәсе. Ұлекең айтарын айтып салатын әр мінез, бетті көрінгенімен ұяңдығы да жоқ емес сияқтанып еді. Табиғатында күрделі тағдыр ізі жатыр екен-ау» деп толғанамын.

(Толығырақ 7-бетте)



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
361,66

EURO
409,51

РУБЛЬ
5,41

МҰНАЙ (brent)
70,93

БЕЛЕС

Өткен аптада Ақтауда өткен Бесінші Каспий саммитінде халықаралық шартқа – Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияға қол қойылды. Бұл жоғары деңгейдегі кездесудің басты оқиғасына айналды.



Қазақстан, Әзербайжан, Иран Ислам Республикасы, Ресей Федерациясы және Түрікменстанның Мемлекет басшылары Каспий теңізінің

үшін аса маңызды. Өйткені соңғы жылдары Құрық портының әлеуетін барынша пайдалануға ден қойылғаны белгілі.

Айта кеткен жөн, Каспий саммиті қарсаңында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен осы Құрық портындағы паром кешені мультимодальдық көлік хабының тұсаукесеріне арналған салтанатты шара өтті. Оған Әзірбайжан, Грузия, Түркия, Түрікменстан, Иран, Қытай, Ресей, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстанның көлік-логистикалық компанияларының өкілдері, отандық көлік саласының ардагерлері және ел ағалары қатысты.

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш порты автокөлік және теміржол паромдарын жыл бойы қабылдауға қауқарлы. Географиялық орналасуы жағынан ынғайлы, табиғи айлақ кемелердің қатынасы үшін қолайлы. Мұнда

2 аймақ, түсіру-тиеу кешені операциялық жұмыс орны, технологиялық операция өндірістік аймағы, жалпы порттық нысандар және жолаушылармен жұмыс аймақтары бар. Сонымен қатар теміржол

паркінің қызмет көрсету қауқары тәулігіне 6 паром, жылына 2 миллион тонна жүкті құрайды. Бұл Құрық портынан жылына 6 млн тоннадан астам жүк тасымалын қамтамасыз етеді.

Телекөпірде Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Бейнеу — Ақжігіт — Өзбекстан» шекарасы тас жолының бірінші кезенін іске қосуға рұқсат берді. Сонымен қатар мемлекет басшысының нұсқауымен «Қорғас — Шығыс қақпасы» Құрғақ портынан Құрық портына, одан әрі қарай Транскаспий дәлізімен Италияға бет түзейтін тұрақты контейнерлік пойыз сапарға шықты.

«Мультимодальдық хаб — Құрық портының 2-кезеңінің іске қосылуы тек біздің еліміз үшін ғана емес, бүкіл Еуразия, әсіресе, бауырлас, көрші мемлекеттер үшін де маңызды. Енді Орталық Азиядағы елдердің бәрі теңізге шығатын ел деңгейіне жетті. Осы шараның Каспий жағалауы елдерінің V саммиті қарсаңында өтуінің маңызы өте зор. Жібек жолын жаңғырту идеясын жүзеге асыру геоэкономикалық тұрақтылықты нығайтудың кепілі болады» деп атап көрсетті Елбасы.

Еліміз Еуропа пен Азия арасындағы трансконтиненталдық тасымалды дамыту жолында ауқымды жұмыстарды жүзеге асырады. Құрық портының автожол инфрақұрылымы көлік транзитін дамыту үшін жана мүмкіндіктерге жол ашады. Құрық арқылы өтетін Транскаспий бағыты Қытайдан, Орталық Азия елдері — Өзбекстан, Қырғызстан,

ТЕҢІЗ ТРАНЗИТИНІҢ ӘЛЕУЕТІ

құқықтық мәртебесін реттеу жөніндегі көп жылғы жұмыстарды осылайша қорытындылады.

Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенция «Каспий теңізінің конституциясы» болып саналады. Мұнда теңіз жағасындағы мемлекеттердің құқықтары мен міндеттеріне, өңірдің қауіпсіздігіне, тұрақтылығы мен өркендеуіне кепіл болуға қатысты барлық кешенді мәселелерді реттеу қарастырылған. Атап айтқанда, Каспий теңізін бейбітшілік, тату көршілік және достық аймағына айналдыру, тек бейбіт мақсатта пайдалану, егемендігі мен аумақтық тұтастығын құрметтеу, Каспий теңізінде тараптарға қатысы жоқ қарулы күштерді болдырмау мәселелері қамтылған. Мемлекеттік теңіз шекарасынан тыс аумақта Каспий жағасындағы елдердің туы бар кемелері еркін жүзеді.

Басқа теңізге және әлемдік мұхитқа шығу еркіндігі жөніндегі уағдаластықтың маңызы айрықша. Әрбір мемлекет өз бөлігінің шегіндегі теңіз түбінің байлықтарына қатысты егемендік құқығын жүзеге асырады. Сондықтан теңіз түбі арқылы магистралды құбырлар мен кабельдерді жүргізу экологиялық талаптарды сақтағанда ғана мүмкін болатыны қарастырылды.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев осы ұстанымдардың сақталуы Каспий жағалауы елдерінің көлік инфрақұрылымын дамытуына септігін тигізетінін атап өтті. Бұл мұхиттан алыс жатқан біздің еліміз



металл өту көпірі, кеден және шекаралық бақылау қызметтері бар порт диспетчері, жолаушыларды өткізу пункті, бақылау пункті бар әкімшілік ғимарат жұмыс істейді. 2016 жылы желтоқсанда Құрық портында сыйымдылығы 4 миллион тонна теміржол паром кешенінің 1-кезені іске қосылған-ды. Өткен жылдың қазанында бұл терминалда алғашқы миллионыншы тонна жүк тиеп түсірілді. Сол жылы 1,5 млн тонна, биылғы жылдың 7 айының ішінде 1,2 миллион тоннадан астам жүк тиеліп-түсірілген. Порт арқылы мұнай өнімдері, химиялық тынайтықштар, халық тұтынатын әртүрлі тауарлар, металл бұйымдары, көліктер мен құрал-жабдықтар тасымалданады. Мұндағы автокөлік

Тәжікстан, сондай-ақ Ресейдің Орал-Сібір өңірлерінен Түркия мен Еуропаға және кері қарай жүк тасымалдаудың тиімді логистикасын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар 2020 жылға қарай Қазақстанның транзиттік тасымалдан түсетін кірісін жылына 5 миллиард долларға арттыруға мүмкіндік береді. Бүгінде Маңғыстау облысы әуе, автомобиль жолдары, темір жол және теңіз көліктері желісі тоғысқан ірі көлік-логистика орталығына айналып отыр. Каспийдегі екі заманауи порт өзара бірін-бірі толықтырады.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы

Әлеумет.т⁰



Бұрынғы болыс — қазіргі әкім. Екеуінде үлкен айырмашылық жоқ. Бұрын болыс болатын адамның алдымен сөзі, содан кейін бөзі өтімді болушы еді. Бүгінде басқаша сияқты: бөзін болса болды, сөзіңнің не ісіннің қажеті шамалы. Кей әкімнің сөзінде қадір, ісінде берекенің аздығы содан. Бұрын болыстың байлығы ғана емес, шешендігі, атак-абыройы таразыға түсетін. Қазір әкіміне қарап ауыл халқы үлгі алыпты дегенді естімейміз. Керісінше, «ана каланың әкімі ішіп алып біреуді қағып кетіпті, мына ауданның шенеунігі мас күйінде көшеде ұйықтап қалыпты» деген сияқты шендінің беделін жер қылатын жаналық көп.

Сондай бір әкім биыл көктемде Шығыс Қазақстан облысының Ридлер ауданында көлікті мас күйінде жүргізіп, бір адамды басып кетті. Жол апатынан 19 жастағы Евгений Смольников бақилық болды. Сол оқиғаның шуы әлі басылмай жатыр. Оқыс оқиғаға себепкер болған Ридлер әкімінің орынбасары Бауыржан Құрманбаев бір жылға сотталып, бес жыл көлік

жоғары лауазымда отыруға моральдық құқығы жоқ. Мен оған өз еркімен жұмыстан кету туралы арыз жазуды ұсындым», — деген еді.

Ал ұлынан айырылған әке жергілікті басылымдарға берген сұхбатында кінәлілерді кешірмегенін, олардың тиісті жазасын алмағанына қынжылып жүргенін айтқан. Марқұм Евгенийдің әкесі Виктор Смольников «Енді ғана ер жетіп азамат болып қалған жалғыз ұлым Евгенийді жол шетінде кетіп бара жатқанда мас күйінде келіп қағып өлтіргендердің біреуі жеңіл жазамен құтылып, екіншісінің түк болмағандай жүруі еділдік пе?! Облыс әкімі Даниал Ахметов пен ішкі істер министрі Қалмұхамбет Қасымовтың алғашында бәрін де өздері қатаң бақылауға алып, қылмысқа себепкерлердің лайықты жазасын алатындарына сендірген еді. Ұлымды қағып өлтіргенде машинаны Тұмабаевтың ары қарай мініп кеткені, Құрманбаевтың оқиға орнында қалғаны талай айтылды. Енді қараңыз, сараптама нәтижесі машина рулінде

ТІЗГІНСІЗ ДӨКЕЙ

жүргізу құқығынан айырылғанымен, апат кезінде Құрманбаевтың қасында болған Өскемен қаласының әкімі Қуат Тұмабаевқа қатысты әңгіме басылмай тұр.

Мына қызықты қараңыз, екі әкім де сол күні удай мас болған. Солай бола тұра көлік тізгіндеген. Жол полицейлеріне ұсталып қаламыз-ау, біреуді қағып кетеміз-ау деген қорқыныш болды ма екен? Әй, қайдам?! Біреуі сол аудан әкімінің орынбасары, екіншісі Өскеменді ашса алаканында, жұмса жұдырығында ұстап отырған дүр шенеунік. Кімнен қорықсын? Оның үстіне, ашы судың «градусы», «өкім» деген лауазымы тағы бар...

Осы аптада Ридлер ауданындағы жол апатына аяқ асты «қуәгер» болып шыққан Өскемен әкімі өз еркімен қызметінен кетті. Оның өзінде зарлап шеккен жак қайта-қайта арызданып, баспасөзге жанайқайын жеткізген соң ғана іс басқа арнаға бұрылды. Содан болар, ШҚО әкімдігінің баспасөз қызметі 13 тамызда Өскемен әкімі Тұмабаевтың қызметінен кететінін хабарлады. Осының алдында ғана Шығыс Қазақстан облысының әкімі Даниал Ахметов «Менінше, Қуат Тұмабаевтың осындай

Тұмабаевтың саусақ іздері жоқ екенін көрсеттіті. Мұны қалай түсінуге болады?! Көлік иесі Құрманбаевтікі түседі де, көлікті ары қарай жүргізіп, оқиға орнынан бой тасалауды көздеген Тұмабаевтың саусақ іздері рульден қалайша өшіп кетеді?» — дейді жаны жаралы азамат.

Шығыстағы оқиғаның шуы басылмай жатып, елдің батысында, яғни Ақтөбе облысында тағы сондай оқиға қайталанды. Мұғалжар ауданындағы ауылдық округ әкімі Рамазан Үргенішбаев ішімдік ішіп алып, көлік жүргізген. Құдай ондағанда, ешкімді баспапты. Өзі де, басқалар да дін аман. Бірақ Ридлердегі оқиғаның бұл шенеуніктерге сабақ болмағаны қалай? Ауыл шенеунігінің 3 жылға жүргізуші куәлігінен айырылғаны, қатаң сөгіс алғаны кімге керек? «Шенеунікпін» деп шертіп, заңға пысқырмайтын осындай тізгінсіз дөкейлерге басқаша жаза керек сияқты.



Жарас КЕМЕЛЖАН

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

14

млн теңге. Айыппұл «Сәргек» камераларының көмегімен салынды

60

жылдан кейін көшесіне асфальт төселген ақтөбеліктер жолға дастархан жайды

2000

теңге. Шенеунікке рахметті ақшамен айтқан әйелдің басы бөлеге қалды

7 сөз

БИЫЛ ЕЛІМІЗДЕ БІР МЫҢНАН АСТАМ КӨЛІК ҰРЛАНДЫ

Ұлттық банк:



«Бұл дамушы елдер валюталарының жалпы әлсіреуі нәтижесінде болып жатқан құбылыс. Дамушы елдердің ақша нарығындағы жағдай геосаяси шиеленістен туындап отыр. Сондай-ақ АҚШ-тың Ресей, Қытай, Түркия сияқты елдерге салып отырған санкциялық саясатының көрінісі. Бұл дипломатиялық қатынастардың шиеленісуіне әкелді.

Сондай-ақ АҚШ доллары әлемдік қаржы нарығында нығая түсуде. Экономикадағы оң тенденцияның ықпалында АҚШ Федералды резерв жүйесінің пайыздық мөлшерлемесін көтеру жағдайлары болжануда. Бұл факторлар дамушы елдердің нарығындағы капиталдың дамыған елдер нарығына құйылуына ықпал етті»

Аманжан ЖАМАЛОВ, Мәжіліс депутаты:



«сырғымалы».

Теңге бағамының басты факторы мұнай бағасы деп есептелетін. Наурыз айында мұнайдың бір баррелі 65-70 доллар болғанда доллардың теңгеге шаққандағы бағамы 320 теңгені құрады. Қазір мұнайдың бір баррелі - 72 доллар. Ал теңгенің долларға шаққандағы бағамы – 360 теңге. Демек бағам мұнай бағасына тәуелді болмай қалды. Бізге ФРЖ саясаты мен антиресейлік санкция туралы айтады. Ендігі кезде сыртта біреу «түшкірген» сайын девальвацияны соған жаба салатын шығар»

Түйткіл

(Басы 1-бетте)

Жасыраны жоқ, бүгінде ана мен бала мәселесі кезек күттірмейтін күрделі түйіннің бірі болып отыр. Таяуда осы тақырып Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен үкімет отырысында да талқыланды. Қазақстан денсаулық сақтау министрі Елжан Біртановтың айтуынша, республика бойынша ағымдағы жылдың жарты жылдығында босануға дейін және босанғаннан кейін ана өлімі көбейіп, былтырғы көрсеткіштен асып түскен.

нәтижесі бойынша бір айдан кейін белгілі болады», — деді. Әйгерімнің жанында сол күні перзентханада бірге болған жемесі Алтынгүл Шокаева оқиғаның өрбiуін былайша сипаттады: — Болған оқиғаға әлі де сенер емеспін. Мен Әйгерімнің жанында, сол күні перзентханада кешкі сағат 22:30-ға дейін болдым. 5 тамыз күні Әйгерім жүктілік бойынша есепке тұрған емханаға барған. Дәрігерлер оның қан қысымы 150-ге дейін көтерілгенін айтып, оны жедел жәрдеммен перзентханаға алып кетіпті. Негізгі босану мерзімі тамыз айының аяғы деп айтатын өзі. Мен хабарды естісімен перзентханаға таңғы 9-да жеттім. Келсем, оған толғақ

4 ана өлімі тіркелген. Олардың бірі криминалды жасанды түсік салдарынан болған. Мамандардың айтуынша, жүкті әйелді босану барысында өлімге жетелейтін акушерлік және акушерлік емес деп бөлінетін екі себебі бар екен. Акушерлік себепке жатырдан қан кету, түсік жасау кезінде пайда болатын асқинулар, бүйрек және жыныс мүшесінің өзге де аурулары жатады. Ал акушерлік емес себептерге жыныс жолдарынан тыс аурулар жатқызылады. Мәселен, әйел ағзасындағы түрлі созылмалы дерттер. Дәрігерлердің наукас өміріне селкос, немқұрайды қарайтыны қазір көп айтылып та, жазылып та жүр. «Жел тұрмаса, шөптін басы кимылдамайды» демекші, дәйексіз

QOƓAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Мәселе

Спортты жастайынан серік етіп, болашақта

спортшы болам дегендерге биыл орын жоқ! Алматыда ел чемпиондары мен халықаралық турнир жеңімпаздары, бала күнінен спортпен кәсіби түрде айналысатын жүз шақты талапкер білім грантына іліге алмағанына наразылық білдірді.

Мектеп қабырғасында жүріп елдің мәртебесін қорғаған ұл-қыздың басым бөлігі пәндік емтиханнан сүрінген. Керісінше, спортқа икемі жоқ, бірақ жоғары балл жинаған талапкерлер мемлекеттік грантка ие болды. Ал оқу орны басшыларының айтуынша, бұған білім министрі Сағадиевтің биылғы шілде айында енгізген өзгерісі себеп. Енді Қазақстанның емес, әлемнің бірнеше дүркін чемпионы болса да, ең алдымен біліміне сенуің керек. Тауы шағылған талапкерлер «Ел намысын қорғап, көк туды көкке желбіретсек деген арманымыз алыстап барады» дейді.

ҰБТ қарсаңында белгілі боксшы Ермахан Ибраһымов бастаған бір топ спорт қайраткерлері биыл жұлде алғандарға жеңілдік жоктығын айтып, осы мәселені көтерген болатын. Алайда бұған ешкім құлақ аспаса керек. Биылғы байқаудың қалай өткенін түсінбеген ата-аналар Спорт

саласына биыл грант аз? Осы мәселені білгіміз келеді», — дейді. Жиналғандардың арасындағы ата-ананың бірі — Людмила Мельникованың да айтары бар. Ол «Менің қызым жастайынан ат спортымен айналысады. Ресейде, Францияда өткен жарыстарға қатысып келді. Жоғары балл жинасақ та, біз грантка ілінбеппіз. Сонда бұл қалай болғаны? Спортты жанымен қалайтын болашақ Олимпиада чемпиондары біздің



елге керек емес пе?! Сонда балаларымыз өзге елге кетуі керек пе? Қызымның жетістіктерінің барлығын нотариустан өткізіп, құжаттармен бірге тапсырдық. Ал енді ешқандай спорттық жетістігі жоқ, бірақ жоғары балл жинағандар түсіп кеткен. Неге біздің жетістіктеріміз ескерілмеді? Осы жағы әділетсіздік деп ойлаймын», — деп көз жасына ерік берді.

ЧЕМПИОНДАР СҮРІНДІ

және туризм академиясының алдына жиналып, уәжін айтты. Баласының жастайынан спортшы боламын деген арманының құл-талқан болғанына шыдамаған Гүлнар Мұратбекова Алматы облысына қарасты Райымбек ауданы Талас ауылынан келіпті. Көкірегін ашу кернеген ана «биыл гранттың көп бөлінгеніне қуанып едік» дейді. Ол «Мен қазір қабылдау бөлімінен біліп шықтым. Мұнда барлығы 1500 талапкер құжат тапсырған. Соның ішінде 120 бала ғана грантка түскен. Менің балам да осы академияға құжаттарын тапсырды. 113 балмен грантка ілінбедік. Баламның спорттық жарыстарда иеленген жетістіктері бар, еркін күреспен айналысады. Не себепті 120 ғана грант бөлінген? Неге спорт



Спорт және туризм академиясының проректоры Мұхтар Ескалиев былай деді: «Біздің міндетіміз — үміткерлердің құжатын қабылдау. Бүгінгі ата-аналардың наразылығы дұрыс та шығар. Алайда жауапты бізден алуға келгендері орынсыз. Себебі мемлекеттік гранттың қалай бөлінетіндігін академия шешпейді. Білім гранттарына жауап беретін тиісті орын бар емес пе?! Өрине, академия тарапынан спортшыларды қолдау мақсатында гранттар көп бөлінсе дейміз. Қазіргі таңда елімізде спорттың барлық түрі дамып, онымен шұғылданатын жастарымыздың да саны артып келеді. Келешекте спортты дамытуға үлес қосатын мамандар қажет. Себебі қазіргі таңда еліміз бойынша спорт саласының мамандарының 20 пайызы зейнеткерлік жасқа жеткен. Демек 4-5 жылдан кейін бізде маман тапшы болады деген сөз. Сондықтан министрліктен спорт саласына мемлекеттік грантты көбірек бөлуін сұраймыз. Ал бұл абитуриенттердің оқуға түспей қалмауының себебін министрліктегі жауапты мекемелерден сұрауы керек», — деп түсіндірді.

Тауы шағылған талапкер мен арызын айтқан ата-аналардың білім және ғылым министрлігіне айтар уәжі көп. Министрлік мемлекеттік грантты бөлген кезде техникалық мамандықтарға басымдық берілмей, спорт саласына да назар аударса екен дейді.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

Елімізде жарты жылдың ішінде 31 ана өлімі тіркеліпті!

Primeminister.kz сайтында «Жыл сайын республикамызда 50-60 әйел көз жұмады. Ресми статистика бар, одан бөлек жыл сайын құпия аудиттер жүргіземіз, яғни басқа диагноз бойынша тіркелгендерді тексереміз. Құпия аудит есебінше, 10 мың жана босанған әйелдің орта есеппен 14-15-і жарық дүниемен қош айтысады» деген министрдің мәлімдемесі бар.

Министрдің сөзіне сүйенсек, жас аналардың ажал құшуы әйелдердің өз денсаулығына салғырт қарауы және уақытылы есепке тұрмауымен тікелей байланысты. Бәлкім, бұл себеп орынды да шығар. Алайда біз жоғарыда тілге тиек еткен 25 жастағы жас ана Әйгерім уақытылы дәрігерге жүгініп, оның айтқан кеңесін бұлжытпай орындап, аналық парызына адалдықпен қараған. Олай болса, жас ананың өліміне кім кінәлі?

Біз осы сұрақты алға тартып, Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының ана мен бала денсаулығын қорғау бойынша орынбасары Татьяна Бишораевамен тілdestік.

Татьяна Бишораева «Босанғаннан кейін қан көп жоғалтып, жансақтау бөліміне түсті. Түнгі үш жарымда жағдайы нашарлап кетті. Облысымыздың ең білікті, тәжірибелі дәрігерлері қасында болды. Екі тәжірибелі дәрігер босандырған. Олар біздің облыстық санациялық көмек көрсететін бригаданың құрамындағы біліктілігі жоғары дәрігерлер. Жас ананың неден қайтыс болғанын өзіміз де білмейміз. Ана өлімінің себебі медициналық сараптаманың

шақыратын дәрі еккен. Түскі сағат 15:15-те Әйгерім ұл баланы дүниеге әкелді. Дәрігерлердің маған айтқан деректеріне сенсек, қайын сінлім босану кезінде 1 литр 300 мл қан жоғалтқан екен. Акушер оның жағдайын қадағалап тұрды. Ол кешкі 7-8-дер шамасында есін жинап, менен баланың жағдайын сұрады. Мен оның ұлды болғанын айтып, қуанттым. Салмағы 3 келі екендігін айтып, «қазір сен көп қан жоғалттың, сол себепті сәл шыда, сәлден соң баланы өкеп береді», — деп жылы сөзбен демедім.

Дәрігерлер оның көп қан жоғалтқанын айтып дабыл қақты. Осы уақыт аралығында оның гемоглобині 70-ке түсіп кетті. Мен перзентханадан 22:30-да үйге кеттім. Дәрігерлер мені «бәрі жақсы болады, алаңдамаңыз» деп сендірді. Таңғы бесте қаралы хабарды естідік. Олар Әйгерімнің күйеуі Жасұланға хабарласыпты. Дәрігерлердің айтуынша, қолдан келгеннің бәрін жасап баққан. Түнгі үш жарымда қайын сінлімнің жағдайы күрт нашарлаған көрінеді. Үш рет консилиум өткізіпті. Онда неге алдын ала туыстарына хабарласып, наукастың жағдайын айтпаған? Босанудан кейін Әйгерімнің жатырын бір емес, екі рет неге тіккен? Сұрақ көп, жауап жоқ. Дәрігерлердің өздері өлімнің салдарын білмейді деген не сөз? Біз кінәлінің жауапқа тартылуын қалаймыз. Оқиға бойынша қылмыстық іс қозғалды, — дейді.

Ақмола облыстық денсаулық сақтау басқармасы берген мәліметтерге сүйенсек, өңірімізде қазіргі таңда 5418 жүкті әйел есепте тұр. Жыл басынан бері

емес болар. Жасыраны жоқ, қазіргі таңда жалақысы аз, жауапкершілігі зор жұмыстан жастар қашады. Соның салдарынан дәрігер тапшы. Айталық, ел бойынша 340 акушер-гинекологтың орны бос тұр.

Мамандардың тапшылығынан болар, шалғай ауылдардағы дәрігерлердің «кілті аспанда». Сол шалғай ауылдардағы мамандардың басым бөлігі — медициналық колледж бітірген медбикелер. Сол мамандардың өлім аузында жатқан адамды аман алып қалуға шамасы келе ме? Тіпті жай ғана бір жеріңізді жаракаттап алсаңыз, компьютерден көз алмай, дәрі-дәрмектерін ақтарып отырып, уақытша ауырғанды басатын дәріні беріп, қалаға жолдама беріп қоя беретіні бар емес пе?!

Төрт жылдық біліммен медицина саласының білікті маманы атану көңілге сенімсіздік ұялатады. Себебі, дәрігер болу онай шаруа емес. Айтулы дәрігерлердің өзі бір ананың өліміне араша бола алмаса, медбикеден не сұрайсыз?

Осындайда ана мен бала өздерінің құқығын қорғай алмайтын әлжуаз топтың қатарында ма деп қаласын. Әйтпесе, аяғы ауырлап, бақтың бал дәмін сезініп жүріп, енді ғана сәбиін құшырлана иіскер шағында жас ана өмірден озды деген құйқа төбен шымырлайтын жан түршігер ақпарат неге көп? Заман ағымына сай медицина дамып, заманауи технологиялар өрістеген кезеңде бір анаға қалқан бола алмағанымыз қалай? Сұрақ көп, тағы да жауап аз...

Байкен КӨБЕЕВ, Ақмола облысы

Фотоайғақ



СУРЕТТЕР СӨЙЛЕЙДІ



АЛМАТЫ

АҚТӨБЕ

ҚЫЗЫЛОРДА



ЖАБАЙЫ БАЗАР СҮРІЛДІ



АУДАРЫЛҒАН АЯЛДАМА



ЖӘДІГЕР ЖАНАШЫР КҮТЕДІ

Дереккөзі: 24.kz

Әлеуметтік лифт

Әлемдік мұнай өндірісінде соңғы жылдары баға тұрақсыздығы белең алып, мұнай өндіруші компанияларға кері ықпалын тигізіп отыр. Бұл дағдарыс «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ-ға қарасты мұнай сервис компанияларының табыс көлемінің төмендеуіне алып келді. Бұл өз кезегінде мұнай сервис саласындағы сұраныс деңгейін айтарлықтай әлсіретті.

Мәселен, ҚМГ соңғы 4 жылда ҚМГ мұнай сервистің (МС) шығыны көбірек компанияларына 121,4 миллиард теңге мөлшерінде қаржылай қолдау көрсетіпті. Қысылтаяң кезеңде нақтылы жоспар құрып, шешім қабылданбаса, алдағы бес жыл үшін тағы 160 миллиард теңгеге жуық қаражат қажет болады. Осы орайда Oil Construction Company, Oil Services Company, Oil Transport Corporation, «Мұнайтелеком», «Манғыстауэнергомұнай» серіктестіктеріне енгізілген «5/50» бағдарламасы жұмыс көзі мен компанияның әлеуетін сақтап қалу мақсатымен биыл да өз жалғасын тапты. Бағдарламаға сәйкес табыс әкелмейтін



Тоқтаған ЖҰМСАҚБАЕВ

«5/50» бағдарламасын естідік, таныстық. Өз шешімімізбен жұмыстан шығуды жөн көрдік. Қаражат жағынан қатты қиналып жүрген едім. Сол себепті, бұл бағдарлама мен үшін тиімді болды. Электромонтер болып қайта жұмыс жасап жатқаным 1,5 жылдан асты. Яғни бағдарламамен шыққаннан кейін, аутсорсинг жолымен жұмысқа қайта орналастым. Еңбекақы, әрине, бұрынғыдан төмен. Дегенмен қомақты қаражат алып, шаруаларымды бүтіндеп алдым. Ешқандай өкінішім жоқ. Бастысы, жұмыссыз қалғаным жоқ. 2018 жылдан бастап жұмысымды жалғастырып жатырмын. 2017

ЖШС бас директорын Адам ресурстарын және еңбекақы төлеу жөніндегі орынбасары Бердігүл Ізбасовтың айтуынша, компанияның бүгінгі табыс көлемі шығындарды жаппай отыр. 2015 жылдан бері мекеме шығындарын «ҚазМұнайГаз» АҚ Ұлттық компаниясы өтеп келеді. 2017 жылдың қаңтар айы есебі бойынша мекемеде электр жөндеушілер, көлік жүргізушілері, т.б. қосалқы жұмысшылар, жалпы саны 629 адам жұмыс істеді. Мекеме «Қаламқас», «Жетібай» кен орындарында электр қондырғыларына қызмет көрсетеді. Бірнеше жыл қатарынан компанияға түсетін тапсырыс көлемінің төмендеуі, табыс көзінің азаюы және шығындардың кірістен асып түсуі «5/50» бағдарламасын енгізуді қажет етті. Арнайы комиссия бағдарламаны жұмыскерлерге жан-жақты түсіндіріп, жеткізді. Түсіндіру жұмыстарының нәтижесінде 2017 жылы «5/50» бағдарламасын 120 адам пайдаланды. Әр жұмыскерге 8-9 миллион теңгеден, жалпы 1 миллиард 50 миллион теңгеден аса қаражат бөлінген. «5/50» бағдарламасы арқылы мекемеден қомақты қаражат алған жұмыскерлер арасында жеке кәсібін жолға қойғандары, банктердегі берешектерін жауып, балаларының оқу ақыларын өтегендері, сондай-ақ аутсорсинг жолымен жұмысқа қайта қабылданғандары да баршылық. Басшылық ұсынған бағдарламаны тиімді пайдаланған жанның бірі Сәкен Байырбеков «Манғыстауэнергомұнай» компаниясында 26 жыл еңбек еткен. Алғашында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ-да электрик болып, содан кейін «Манғыстауэнергомұнай» ЖШС

БАҒДАРЛАМА БЕРГЕН МҮМКІНДІК

кәсіптің қызметкері ерікті түрде әкімшілікке жүгініп 5 жыл үшін жалақының 50% мөлшерінде өтемақы алуына болады. Бұл мүмкіндікті зейнетке жакындаған егде адамдар және денсаулығына байланысты жұмыс жасау қабілеті төмендеген қызметкерлер, сондай-ақ қомақты қаражат қажет еткен қызметкерлер қолдана алады.

Мұнай компанияларына сервистік қызмет көрсету үшін құрылған «Мұнайтелеком» ЖШС 50 жылдан бері Қаламқас, Жетібай Қаражамбас кен орындарында жұмыс жүргізіп келеді. Жұмыс бағыты телекоммуникация телерадиобайланыс, жер серігі (*спутник*) байланысы, кабелдік желілер, интернет желілерімен қамтамасыз ету, өрт қауіпсіздігі салаларын монтаждау, бейнебақылау жүргізу жұмыстарына негізделген. Қазіргі уақытта компания қосалқы қызмет түрлерін «5/50» бағдарламасымен аутсорсинг жолына ауыстыруды жүзеге асыру үстінде. 2017 жылы «Мұнайтелеком» компаниясының кірісі 2,5 миллиард теңгеден, ал шығын көлемі 3,9 миллиард теңгеден асқан. Соңғы 5 жылда 6,3 миллиард шығын болған. Бұл көрсеткіш жыл сайын өсе түсуде. Шығындардың 80%-ы еңбекақы төлеуге жұмсалады. Мекемеде 376 жұмысшының 357-сі негізгі салада істейді. 80-і қосалқы қызмет түрлері. Компания жұмысын оңтайландыру бағытында бірқатар шара қабылдап, жұмыскерлер аутсорсинг жолымен клинингтік қызметке ауыстырды. Осының өзінде бұл компания шығынын жабуға жеткіліксіз болып отыр.

2017 жылдың басынан «5/50» бағдарламасын ұжымға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде онтайлы қабылданған шараның алғашқы 2 кезеңінде 84 адам жұмыстан шықты. Бағдарламаның қарапайым жұмысшыларға берген көмегі аз емес. Біреуі мойнындағы қарызынан құтылды, денсаулығы сыр берген азаматтар емделіп, ота жасатты. Әркім өз шаруасын бүтіндеді. «Мұнайтелеком» серіктестігі «5/50» бағдарламасы бойынша 2017 жылы 84 адамға 750 миллион теңге қаржы бөлген. Алдағы уақытта 1 миллиард 600 мың теңге қаражат қарастырылып отыр. 2018 жылы түсіндіру жұмыстары жалғасып, оның орындалу барысын арнайы комиссия қадағалайтын болады.

Бұл мүмкіндік пайдаланған азаматтың бірі Тоқтаған Жұмсақбаев. Мен Ол «2008 жылдың сәуір айынан бері «Мұнайтелеком» ЖШС-де жұмыс істеп келемін. Құдайға шүкір, он жыл болды осы мекемедемін. Бұрын біраз жыл Қаламқас кен орындарында көлік жүргізуші болдым. «ҚазМұнайГаз» тарапынан шыққан



жылдың желтоқсан айында «5/50» бағдарламасымен жұмыстан шықтым, тиісті қаражатымды алдым. Бағдарлама арқылы алған 7 миллион теңге қаржының бір бөлігімен банк алдындағы несиемді жаптым. Қалғанын депозитке салып, баспана алуға қамданып жүрміз» дейді.

Ал Динара Өтегенова «Мұнайтелеком» мекемесінде еңбекақыны төлеу жөніндегі бөлімнің жетекші маманы болып бес жылға жуық жұмыс істеген. Д.Өтегенова «Осы жылдың наурыз айында «5/50» бағдарламасы бойынша жұмыстан шығып, сәуір айында аутсорсинг жолымен қайта жұмысқа орналастым. Бағдарлама арқылы алған қаражатты



Динара ӨТЕГЕНОВА

баспана алуға жұмсадық. Мен үшін ең үлкен көмек осы болды. Бұл бағдарлама туралы он пікірдемін. Әркімнің әртүрлі тұрмыстық мәселелері, шешілмей жатқан шаруалары бар, осы тұрғыда бағдарламаның тигізер пайдасы бар деп білемін. Тұрмыстамын, өсіп келе жатқан балаларым бар. Жоғары білімдімін. Балалармен пәтерде жүрген онай емес. Осы орайда маған өте тиімді болды деп ойлаймын», — деп өз ойын түйіндеді.

«Манғыстауэнергомұнай» мекемесі де — мұнай нарығында тығырыққа тірелген компанияның бірі. Компанияға «Манғыстаумұнайгаз» АҚ тарапынан берілетін жұмыс көлемі айтарлықтай азайған. «Манғыстауэнергомұнай»

ашылып, Қаламқаста кен орнында жұмыс істеген. «5/50» бағдарламасын өз қалауымен тандап, шешім қабылдаған ол өз пікірін білдірді.

Сәкен БАЙЫРБЕКОВ: Бағдарлама шарттарымен таныстық, көңілімізден шыққаннан кейін, өз еркіммен жұмыстан кеттім. Бүгінгі күнге



Сәкен БАЙЫРБЕКОВ

дейін Қаламқас кен орындарында электромонтер болып жұмыс істегенмін. Отбасын асырау үшін сыртта көп жүреміз, үй көрмей, апталап кетеміз. Енді есіктен кіріп-шығып, отбасымын жанында болайын деп, бағдарламаны тандадым. Әрі өзімнің шағын кәсібім бар еді, сол істі қолға алып, кеңейтейін деген жоспармен, жұмыстан кеттім. «5/50» бағдарламасы арқылы алатын қаражат та қомақты. Осы қаржыны қаладағы кәсібімді дамытуға жұмсамақпын және отбасыммен бірге, балаларыма да тәрбие беріп, қарауға мүмкіндік туалды. Бағдарламаның пайдасына келер болсақ, бұл енді әр адамның өз мақсат-жоспарына байланысты ғой. Біреулер денсаулығының нашарлауы себепті осы бағдарламамен шығып, емделуді жөн санайды. Себебі қазір ем-домға мол қаражат қажет екенін білесіздер. Енді бірі өзінің жеке шаруаларымен, кәсібімен кеткісі келеді».

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Манғыстау облысы

Қоршаған орта

«ҚазТрансОйл» компаниясы экологиялық жобаны қолға алды. Еліміздің батыс өңірі

бойынша бірінші болып іске қосылған экологиялық жоба мұнай тасымалдау кезінде шыққан бұды қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

«ҚАЗТРАНСОЙЛ» ЗИЯНДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ АЗАЙТТЫ



Қазіргі таңда қондырғы Атыраудағы Н.Шманов атындағы мұнай айдау стансасында орнатылған. «ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының бас инженері Марлен Төлегеновтің айтуынша, өткен жылы іске қосылған қондырғы ауаға тарайтын қалдықтардың мөлшерін 80 пайызға дейін азайтуға мүмкіндік берген. TS-4500 маркалы бұды қалпына келтіру қондырғысының басты ерекшелігі — ол экологиялық таза транспорт болып табылады. Қондырғы мұнай айдау стансасының жұмысына оң ықпалын тигізіп отыр.

Компанияның мұнай айдау стансаларында қоршаған ортаны қорғау бағытында атқарылып жатқан жұмыс ауқымды. Олардың қатарында табиғи газ бен электр энергиясы сынды энергоресурстарды оңтайландыру жобалары да бар. Компания қуат тұтыну мөлшерін үнемдеумен бірге, қоршаған ортаға зиян келтіретін қалдықтарға тосқауыл қоятын инновациялық технологияларды іске қосты. Олардың бірі — бірқалыпты жүргізу функциясы бар реттеуіш жиілік жетегі.

МАМАН ПІКІРІ

Айнұр ХАЛИАХМЕТОВА, Атырау облысы бойынша экология департаментінің бас маманы:

«ҚазТрансОйл» АҚ Атырау мұнай құбыры басқармасының негізгі қызмет түрі — мұнай тасымалдау. Мұндағы табиғатты ластаушы көздер негізінен мұнай сұйық қойма паркі, құю-төгу эстакадасы болып табылады. Осыған орай, Атырау облысы бойынша экология департаменті атмосфераға тасталатын лас қалдықтар мөлшерін азайту мақсатында арнайы қондырғылар орнатуды ұсынған болатын. Қазір компанияның Атыраудағы Н.Шманов атындағы мұнай айдау стансасында TS-4500 маркалы бұды қалпына келтіру қондырғысы орнатылды. Мұндай қондырғы алдағы жылдары Т.Қасымов атындағы мұнай айдау стансасында да орнатылады. Мұндай қондырғы ауаға тасталатын өндірістік қалдықтар мөлшерін айтарлықтай азайтуға мүмкіндік береді.

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау

Жаңғырту

ПҚОП баспасөз қызметі хабарлағандай, «Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту және

реконструкциялау» жобасы бойынша RFCC каталитикалық крекинг реакторына шикізат қабылданды. 15 тамызда жоғары сапалы өнім шығару бастады.

ЗАУЫТТАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС



Қуаты жылына 2 млн тонна шикізат өңдейтін RFCC каталитикалық крекинг қондырғысы UOP компаниясының (*АКШ*) технологиясы бойынша жобаланып, құрастырылды. Тікелей айдалған мазутты қабылдағанға дейін отындық газ, электр энергиясы, салқындататын су, БӨА ауасы, азот және су буы сияқты энергоресурстарды тұрақты қабылдау қамтамасыз етілді. Энергетика жабдықтары, БӨА дала аспаптары, технологиялық процесті және апатқа қарсы қорғанысты, мазуттың циркуляциясын басқаратын үлестірілген жүйесі іске қосылды.

RFCC каталитикалық крекинг кешенін іске қосу зауытта шикізатты өңдеу тереңдігін жоғарылатуға, сапасы бойынша К-4 және К-5 экологиялық кластарына сәйкес келетін автомобиль отындарын (*бензин, дизель*) шығаруға мүмкіндік береді.

Шымкент мұнай өңдеу зауытын жаңғырту жобасы биылғы жылдың қыркүйек айында аяқталуы тиіс.

Биржаметр

БАЯНСЫЗ БАҒАМ

Биылғы тамыз түрікке жайсыз. Ұлттық ақшасы — лираның жағдайы мүшкіл. Әсіресе, соңғы күндері. Өткен жұмада 14 пайызға дейін құнсызданды. Ыстамбұл биржасы жабылған сәтте американ долларына шаққандағы бағам 6 лира 47 курушты көрсетіп тұрды. Қаржы төңірегінде жүргендер «Бұрын-соңды болмаған сұмдық!» деп жындануға шақ қалды. Сұмдықтың көкесі әлі алда екен.

Дүйсенбіде бұл көрсеткіш 6,9-ға жетті.

Іле-шала Түркия башқаны (президент) Режеп Тайип Ердуан жалпак жұртқа өз елінің Америка тарапынан экономикалық шабуылға ұшырағанын мәлімдеді. Бұған дәлел-дәйек ретінде АҚШ-тың Анадолыдан әкелінетін алюминий (20%) мен болатқа (50%) қосымша салық енгізу жөніндегі қарарын көлденең тартты. Мұның алдында АҚШ Измир қаласында үй қамақта отырған американдық діни уағызшы Эндрю Брансонды дереу босатуды талап еткен



шамасында. Бұған «үкіметтің кәсіпкерлерді ынталандыру мақсатымен арзан несие мен қайтарымсыз қаржылай көмекті көптеп беруі әсер етті» дейтін пікір де бар.

Мұндай ұсынысты Трамптың санкция, сауда соғысы, шөміштен қағу сияқты тосын теперіштерінен зәреzap болған Ресей, Иран және Қытай қолдайтын түрі бар. Жергілікті ақпарат құралдары алдағы қыркүйек айының басында Мәскеу, Тегһран, Берлин, Анкара жоғары деңгейде бас қосып, болашақтағы қадамын айқындауға талпынатынын хабарлады.

Осыған орай болжамы мен қисыны сан-саққа жүгірген сарапшылар басқосуда Сирия мен босқындар жауы негізгі тақырып болатыны айтылғанымен, экономикалық мүдделен туындайтын мәселелердің күн тәртібінде енгізілетініне сенімді.

САНКЦИЯНЫҢ САЛҚЫНЫ

Вашингтонның кейбір әрекеті басқасын қойып, Канада мен Ұлыбритания сықылды жақын одақтастарына да түсініксіз болып тұр. Бұған дейін бизнесте АҚШ тарапынан жасалынатын түрлі жеңілдіктерді пайдаланып келген олардың жаңа шарттарға үйрене алмай жатқан жайы бар. Ақ үйге First America (Алдымен Америка), Make America great again (*Американы қайтадан*

ДОЛЛАР «ДАУЫЛЫ»

болатын. Меселі қайтқан соң түріктің ішкі істер және әділет министрлерін «қара тізімге» енгізді. Бұл екеуі Америкада ақшасы жоқ екенін айтып, мұндай жазаның шыбын шаққан құрлы әсер етпейтінін жеткізді. Қалай десе де, НАТО-дағы бір мемлекеттің екіншісіне қарсы санкция енгізуі бұрын болмаған нәрсе. Осының өзі бұрын достығына ешкім шек келтірмейтін екі ел арасындағы қарым-қатынастың тым ұшығып кеткенін көрсеткендей. Айбатын айға білеген Американың әлемдегі ең қуатты, ең тегеурінді ел екені бәріне мәлім. Бұған қоса, қаржы, әскери салалар бойынша ықпал ету тетіктері де шексіз. Сондықтан бұл текетіректің немен аяқталарын тап басып айту қиын-ақ.

Девальвациядан соң Түркияның Орталық банкі қаржы нарығындағы тұрақтылықты қалпына келтіру үшін дереу іске кірісті. Сөйтіп лираны қолдауға қазынадан 10,45 млрд доллар жұмсайтынын мәлімдеді. Мұның ішінде алтын резервінен алынатын 3 млрд доллар да бар. Ердуан бұл жолы да тұрғындарды «жастық астындағы» алтынның шығарып, долларын лираға айырбастауға шақырды. Ол бұған дейін де осы амалға жүгінген-тұғын. Жергілікті



Қалай десе де, Анадолыда көлік, қорғаныс өнеркәсібі, энергетика, инфрақұрылым сияқты салаларда аса ірі жобалар іске асырылуда.

«МӘН ДӘККА ДҮККА»

Түрік экономикасы даму жағынан әлемде 16-шы орында. Солай бола тұра, ұлттық валютаның жағдайы мәз емес. Барған сайын құнын жоғалтып келеді. Мамандар мұның басты себебі өзгелер секілді лираның да әлемдік қаржы жүйесінде құдыретті хакім - американ долларына байланып қалуымен түсіндіреді. Сондықтан сауда-саттықта жергілікті

ақшаға көшу керектігі мұнда да жиі айтылып жүр. Ердуан биржадағы соңғы құлдыраудан кейін Ақ үйдің НАТО және Таяу Шығыстағы ең жақын әрі ұзақ жылғы сенімді серігі болып келген Түркиядан айрылып қалуы әбден мүмкін екенін ескертті.

Осы орайда арабтың «Мән дәкка дүкка» (*Не ексең, соны орасың*) дейтін макалын келтіре кетуді жөн көрді. Сөйтіп американдық электрондық бұйымдарға санкция енгізді. Айфонның орнына «Самсунгты» пайдалануға шақырды. Кәрістер «Сыйға сый, сыраға бал» делі ме, кім білсін, әйтеуір, көп өтпей, Hyundai Electric компаниясы Түркияға 1 млрд доллар инвестиция құятынын хабарлады. Дағдарыстан соң Анкараға келген Катар әмірі Тәһим бин Хәмед Әл Сәһи шейх өз елінің Түркияға 15 млрд доллар инвестиция әкелетінін мәлімдеді. Катар бұдан біраз бұрын бірқатар араб елдері тарапынан құрсауға алынғанда түріктер түрлі жәрдемін ұсынып, қолдау көрсеткен еді. Сондай-ақ Қытай компанияларды да соңғы кездері Түркияға мықтап назар аудара бастады. Trendyol компаниясын сатып алған Alibaba осы жобасына 1 млрд доллар көлемінде инвестиция құймақшы.

Ресми Анкара ендігі жерде серіктестермен экономикалық қарым-қатынаста доллардан бас тартып, ұлттық валютаға көшетін кез келді деген пікірде.

қуатты етейік) деген ұрандармен келген Трампқа сыртқы саудадағы теріс сальдоны азайту көкейкесті міндет болып тұр. Бұл оған дейінгі президенттердің де бас ауруы еді. Деректерге жүгінсек, тек Қытаймен арадағы сауда-саттықта бұл көрсеткіш былтыр 375 долларға жетіпті. Сырттан, соның ішінде одақтас елдерден де әкелінетін тауарларға салынатын салық мөлшерін көбейтіп, отандық өндірісті ынталандыру әрекеті халықаралық сауда соғысына жол ашты. Экономикадағы текетірес санкцияға ұласып, ұлттық валюталар құнын жоғалта бастады. Мұндай құқайды рубль де көріп жатыр. Американдық бірнеше сенатор тарапынан дайындалған «жойқын санкция енгізіледі» деген хабардың өзі орыс ақшасының құлдырауына әкеп соқты. Рубльдің долларға шаққандағы бағамы 68-ге бір-ақ жетті. Мұндай көрсеткіш бұдан екі жыл бұрын тіркелген еді. Терістік көршіміздің қаржы нарығындағы дүрбелең біздегі ақша саудагерлеріне тиімді. Тенгенің әлсіреуінің себебін дәл осы фактордан іздеу керек секілді. Әйтпесе, американ санкциясының Қазақстан экономикасына тікелей ықпал етпейтіні белгілі. Тіпті, ресейлік «Сбербанктің» еліміздегі бөлімшесі де хабарлама таратып, санкцияның салқыны өзіне тимейтінін мәлімдеді. Банк осыған орай қандай да бір шетелдік облигацияларды сатып алмағанын уәж ретінде келтірді. «Тозақ санкциясы» деп аталған әлгі құжат мақұлданса, Ресейдің энергетика саласындағы халықаралық жобалары да зардап шегуі мүмкін. Сол себепті, Кремльге газ бен мұнайын өзге валютамен саудалау тиімді болатын сияқты. Мәскеу, сонымен қатар, BRICS (*Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Оңтүстік Африка*) ұйымы шеңберінде сауда-саттықты ұлттық валюта арқылы жүргізу керектігін алға тартып жүр. Аталған ұйым әлемдік экономиканың 30 пайызын құрайды. BRICS-тің жуырда Йоханесбургте өткен саммитіне Түркия президенті де қатысып, өз елінің осы ұйымға мүше болғысы келетінін білдірді.

Бірнеше айдан кейін американ долларын әлемдік нарықта бірден-бір есеп айырысу құралына айналдырған Бреттон — Вудс келісімінің дүниеге келгеніне 75 жыл толады. Доллар болашақта да өз билігін сақтап қала ма? Пікір көп. Бір анығы, мамандар мен сарапшылардың жауабы осы сұраққа келгенде бір арнада тоғыспайды.

Срайыл СМАЙЫЛ, шолушы



COMMENT 5

E-mail: jas_gazaq@mail.ru

www.jasgazaq.kz

ШАРТАРАП

Шеруге шықты



Қытайдың солтүстік-батысындағы Гансу аймағына қарасты Вэйжоу қаласының билігі жүздеген мұсылманның наразылық акциясынан кейін, жаңа мешітті сүруді кейінге шегерілді. Бұл туралы Tengrinews сайты The Times of Israel басылымына сілтеме жасай отырып хабарлады.

Жергілікті билік құрылысшылардың қажетті рұқсат қағазын алмағанын айтып, мешітті сүруді талап еткен. Шенеуніктер 10 тамызға дейін уақыт беріпті. Бұл осы аймақта тұрып жатқан мұсылмандардың наразылығын тудырып, олар 9-10 тамызда бейбіт шеруге шықан. Басылымның хабарлауынша, тұрғындар жергілікті билік өкілдері келгенше түн ортасына дейін кетпей қойған. Шенеуніктер ғимаратты қалпына келтіруді жергілікті халықпен келісіп істейтінін айтып, оған дейін мешітке тиіспеуге уәде берген.

Өзбекстан шетелден маман шақырды



Өзбекстан мемлекеттік басқарушы қызметтерге шетелдіктерді шақыруын жалғастырады. Өзбекстанның Брюссельдегі елшісі Дилиер Хакимов Өзбекстан осыған байланысты журналистер алдында түсініктеме берді.

Оның сөзінше, өзбек билігі алдағы уақытта жоғары лауазымды мемлекеттік қызметтерге Түркия, Оңтүстік Корея, Германия, Грузия сияқты мемлекеттерден маман тартуды жалғастырады. Бұл президент Шавкат Мирзиязевтің бастамасы бойынша жүзеге асырылуда. Жакында Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиязев инновациялық даму министрінің орынбасары етіп германиялық маман Карстен Хайнцты тағайындаған болатын. Ол бұған дейін Германияның білім және ғылыми-зерттеулер министрлігінде жұмыс істепті.

Қырғыз тауары қыр аспай тұр



2018 жылдың басынан бері Ресей Қырғызстанның 300 тоннаға жуық көкөнісін кері қайтарды.

Сонғы екі күнде Алатаудың күнгейінен шыққан 43 тонна өнім Ресей жакқа жіберілмеді. Сондай-ақ қырғыздың тауар тиелген жүк көліктері біздің елге 47 рет өте алмады. Қырғызстанның ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми өкілі Болот Жұманәлиев мұның басты себебін сертификат пен фитосанитарлық бақылау талабының сәйкес келмеуімен түсіндірді. Оның айтуынша, бұған кәсіпкерлердің өздері кінәлі.

Шаш бояуға болмайды



Ашхабадтағы шаштараз атаулыда ерлердің шашын бояуға және бастарына түрлі сурет салуға тыйым салынған.

sn.kz жергілікті turkmenistan.ru сайтына сілтеме жасай отырып хабарлағандай, сұлулық салонының біріне прокуратура қызметкерлері келіп, еркектердің шашын бояуға тыйым салынатынын ескертіп кеткен. Бірақ ешқандай жазбаша нұсқау болмапты. Биыл сәуір айында Түрікменстан билігінің шашты ашық түске бояуға және шетелден шаш бояуын әкелуге рұқсат етпейтіні жөнінде ақпарат құралдары жарыса жазған еді.



сарапшылар жұрттың үйіндегі қымбат әшекейді 200 млрд долларға бағалайды. Әрине, бәрі тайлы-тұяғымен банкке жүгіре қоймас. Дегенмен түріктердің мемлекет үшін асар жарияланғанда аянып қалмайтыны белгілі. Соның айғағындай, Адана уәлаятында бір кәсіпкер 1000 долларға лира сатып алғандарға өзінің демалыс орнында үш күн тегін демалыс сыйлайтынын хабарлады. Рас, мұндай көмекпен биржаны тыныштандыру мүмкін емес. Осыдан 20 жыл бұрын Азия жолбарыстарына «көз тиіп», қаржы дағдарысы Оңтүстік Кореяны да алқымнан алды. Ел үкіметі тығырықтан тірелгендердің амалсыз баратын жері — IMF-дан (*Халықаралық валюта қоры*) 58 млрд доллар қарыз алады. Көрістер берешектен құтылу үшін асыл тастарын банктерге әкеп сатқан. Содан түскен 2,2 млрд доллар әлгі қарыздан құтылуға сеп болды деседі.

IMF-ның ақшаны қандай ауыр шартпен беретінін түріктер жақсы біледі. Содан болар, Ердуан билікке келгенде ең әуелі бір қолымен жарыққап, екінші қолымен мойынсұнуға мәжбүрлейтін



Адасу

Орал қаласының тұрғыны Қанат Хамитов (*есімі өзгертіліп алынды*) діни теріс ағымға еріп, жиһадқа кетуді мақсат етіп, оңбай адасқан азаматтардың бірі. Ол терроризмді насихаттағаны үшін айыпталып, 5 жылға бас бостандығынан айырылған болатын. Жуырда бостандыққа шыққан Қанат «Өз басым түрмеден шыққан соң, өмірге қайта келгендей болдым. Ханафи мәзһабын ұстанушылар көбейіп, мешіт жамағаттары ынтымаққа бет бұрыпты. Өзара мәре-сәре болып, емен-жарқын араласады екен. Татулықтың күшті екенін ауызашар көзінде көріп жатырмын. Жамағат өшкімді жатсынып, бөліп-жарып жатқан жоқ», – дейді. Бүгінде қателігін түсінген Қанат жастардың жат ағымның жетегінде адаспауы үшін діни білімді мешіт пен теологтардан алу керектігін айтады.

жиһадқа шығу парыз екенін» айтып, бірге кетуге үгіттеді. Саяси ұстанымын, Докка Омаровтың сарбазы екенін айтты. Бірақ оның әңгімесіне аса сене қойған жоқпын» дейді.



Бірақ Қанаттың қасындағы оралдық теріс ағымдағы жігіттер: «Қазақстанға хақ дін жанадан келді. Бұрын араб елдерімен тікелей қарым-қатынас орнамаған себепті ата-бабаларымыз нағыз дінді білмеді. Қазақтар Құран оқып,

саясат екенін түсіндім», – деп өкінішін баяндап берді.

Темір тордың ар жағында жазасын өтеп шыққан жігіт сәләфизм жамағатының түрлі тармаққа бөлініп

кеткенін, ал кейбіреулері томаға-тұйық өмір сүріп жатқанын айтады.

Хамитовтың бір тілегі бар. Ол өзі сияқты қателікке ұрынып, жазасын өтеп, бостандыққа шыққан жігіттер үкіметтің арнайы тағайындаған бір реттік

«КӨЗІМ АШЫЛЫП, ТҮНЕКТЕН ШЫҚҚАНДАЙМЫН»

2002 жылы намаз оқуға ниет еткен ол мешіт ұстазынан сабақ ала бастайды. Сөйтіп көп кешікпей Әбу Ханифа мәзһабымен құлшылықты бастаған. Бірақ намаз оқуды жаңа ғана бастаған діни сауатсыз жастарды бағып, өз қатарына қосып алуды мақсат еткен псевдосалафилердің қармағына түсіп қалады. Олардың уағызын тыңдаған Хамитов өзінің қалай теріс жолға бұрылып кеткенін байқамай да қалған. Қ.Хамитов «Уақыт өте келе «жол көрсетуші» теріс ағым өкілдері табылды. Басында олардың ұстанымымен келіспей жүрдім. «Баламды да Әбу Ханифаша оқытам» деп ойлаған едім. Кейін олардың уәжі мені иландыра бастады. Айтқандарының бәрі дұрыс сияқты көрінетін. Қазақтардың Түркістанға барып, әулиелердің аруағына сыйынып

намазға жығыла тұра, діни ілімі терең болмағандықтан тура жолда болмады», – деп үйретіпті. Есіл-дерті жиһадқа ауған Хамитов Ауғанстанға кетіп, «шаһид» болып өліп, жәннатқа түсетініне қатты сенеді.

Қ.Хамитовтың ұстанған бағытының қате екенін құқық қорғау органдары бірнеше рет ескерткен. Алайда бағытынан, ұстанымынан қайта қоймаған ол ақыры темір тордың ар жағынан бір-ақ шығады.

Қанат Хамитов «Менің қателігім – интернет арқылы діннің дұрыс-бұрысын ажыратпай, өз бетімше үйренуім болды. Докканың уағзызын көп тыңдадым. Отбасымда және туыстармен кездескенде дастархандағы етті жеуден бас тартатынымын. Әруаққа құран бағыштауды, намаздан соң

қаржысын қолына алса екен дейді. Қанат «Көбі баспана, жұмыс таба алмай жүріп қалады. Сол себепті тұрмыстан қиналып кеткен кейбірі қайтадан жат ағымға оралуға, көзқарасын қайтадан өзгертуге мәжбүр болып жатады. Сондықтан үкімет тарапынан қоғамға бейімделіп кеткенше әлеуметтік қызмет тағайындалса екен» деген ойын айтты.

Интернет арқылы білімін ашып, теріс ағым иелерінің уағзызын тыңдап, дұрыс жолдан адасып, жиһадқа барып шаһид болуды ансаған Хамитовтың о бастағы көзқарасы мүлде өзгерген.

Ол: «Жиһад дегенді мен бүгінде өз нәпсіңмен күресу, ғылым-білімге ұмтылу деп түсінемін. Еліміздің өркен жайып, дамуына үлес қосуымыз керек. Білімді ұрпақ тәрбиелеуге тиіспіз. Мұнайымызды өзіміз өндіретін технологияға қол жеткізіп, жерімізді шаруашылыққа дұрыс пайдалануға ден қою қажет. Бүгінде құрылыс саласында жеке кәсіпкерлікпен айналысатын жігіттермен нәпака табудамын. Сұрақ туындаса, мешіт имамдарынан, теологтардан сұраймын. Бұрынғыдай емес, білімді мамандар көбейген. Кейде мешітке республикалық акпараттық-түсіндіру топтары келсе, білікті дінтанушыларға арнайы барып жолығып, сұрақтарыма

жауап аламын. Алдағы уақытта діни танымымды тереңдеткім келеді», – деп сөзін түйіндеді.

ТҮЙІН

«Адасқанның айыбы жоқ, қайтіп үйірін тапқан соң» дейді дана қазақ. Өзінің айтуынша, сүттей ұйыған отбасында, қызын қияға ұшырып, ұлын ұяға қондырып, өмірін дұрыс арнаға бұрған Қанатқа біз сендік. Ылайым, әрбір қазақ шанырағы ата-баба жолынан таймай, салт-дәстүрін ұстанып, ұлттық құндылықтарымызды ұрпақтан-ұрпаққа аманаттап, ділі мен тілін сақтап, исламның асыл қағидаларын бұзбаса екен деген тілектеміз біз де!

Ұлдай САРИЕВА,
Батыс Қазақстан облысы

Асқанға тосқан

ҚҰЛШЫЛЫҚҚА ҚИЯНАТ

Тараздағы жаттықтырушының әрекеті жұрттың жағасын ұстатты. Әлеуметтік желіде тараған бейнекөріністе, мектеп жасындағы оқушылардың намаз оқуына қарсы болған азамат жайнамазды аяғымен теуіп, сәждеге тұрған балаларды балағаттап, бөлмеден желкелеп алып шығады.



Әуеской түсірілімде «Жиналындар! Оу, мен кімге сөйлеп тұрмын? Давай, кеттік! Жина мынаны. Жүр, давай, таста» деген бұйрық анық естіледі. Жайнамазды қорлау сәті түсірілген видео әлеуметтік желіде тез тарап, қызу талқыға түсіп жатыр. Біреулер ұстазын тыңдамаған балалардың әрекеті дұрыс емес дейді.

Қалай болғанда да, бұл оқиға атқамінерлерді де дүрліктірді. Жамбыл облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбол Жүнісбековтің КТК телеарнасының Тараздағы тілшісіне берген сұхбатында, жайсыз жағдай Тараздағы спорт кешендерінің бірінде, дарынды балалар мектеп-интернатына футболшыларды іріктеу жиыны кезінде болған. Жаттықтырушы Алматы Баевтов бөлмелерінен шықпай намаз оқып жатқан шәкірттеріне осындай дөрекілік танытыпты. Қазір бұл мәселеге қатысты тексеру жүріп жатыр. Ал жаттықтырушының өзі жағдайды түсіндіруге құлықсыз. Ол тілшілерді көре сала, алды-артына қарамай каша жөнелді.

Нұрбол Жүнісбеков «Қазіргі таңда мән-жайды анықтау үстіндеміз. Бірақ, педагогикалық әдепті бұзғаны үшін жаттықтырушы міндетті түрде жұмыстан босатылады», – дейді.

ЕСІРТКІНІҢ ӘЛЕГІ

Қылбұрау

Ақтөбеде тәртіп сақшыларына жұдырық ала жүтірген егіз жігіт ұсталды. 32 жастағы ағайындылар есірткіге елігіп алған көрінеді. Әлеуметтік желі арқылы тараған роликте сақалды екеу шаһид болатындарын айтып, полицейлерді тарпа бас салған.



Тәлтіректеп жүрген екеуді тәртіп сақшылары қаладағы мекемелердің бірінің кіреберісінен ұстап алды. Ағайынды Кенбаевтар өздерінің не істеп жүргенін білмеген. Олар бұрыннан есірткі қолданғаны үшін наркодиспансерде есепте тұрады екен. Жартылай жалаңаштанып алған үлкені «Алаху акбар» деп полицейлерге қарсы шықса, екіншісі ауызымен автоматтың дауысын салып қарап тұрыпты.

Әйтсе де, ішкі істер департаментіндегілер олардың жат ағымның жетегінде кеткендердің тізімінде жоқ екенін айтады. Егіздің біреуі қамауға алынды. Екіншісін қолжатпен босатыпты.

Ақтөбе облыстық ІІД баспасөз қызметінің жетекшісі Ерболат Сарқұлов КТК телеарнасының тілшісіне берген сұхбатында «Наркодиспансерде есепте тұрған ағайынды 32 жастағы азаматтар. Ағайындылардың біреуі полиция қызметкерлеріне күш көрсеткені үшін тергеу изоляторына қамауға алынды», – деді.

Құрық

«ҰЯЛЫ» ҰРЛЫҚ

Алматының полицейлері ұялы телефон ұрлаушылардың қулығын әшкереледі. Қалалық ІІД-нің ұйымдастыруымен ірі сауда орталықтарында ауқымды тексеру шарасы басталды. Тәртіп сақшылары арнайы қосымша көмегімен орталықтарда саудаға қойылған ұялы телефондардың ұрланған-ұрланбағанын анықтаған.

Тексерудің алғашқы толқыны Алматыдағы «Студент» ұялы телефон орталығынан басталды. 350-ден аса сауда нүктесін біріктірген орталыққа 70 тәртіп сақшысы сау ете түсті. Басты мақсат – орталықтағы ұялы телефондардың ұрланған-ұрланбағанын анықтау.



Ұрланған телефон табылса, сауда нүктелерінің басы бөлеге қалары сөзсіз.

Департамент өкілдерінің айтуынша, алдағы уақытта мұндай тексеру қаланың он шақты сауда орталығында жүргізіледі. Осы кезге дейін ұялы телефон ұрлығы Әуезов және Бостандық аудандарында көбірек тіркелген.

Айдос
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



жатқанын «адасушылық» деп теріске шығарды. Осындай қате үгіт-насихат дәстүрлі мәзһабты тәрк етіп, сәләфизм бағытына түсуіме әсер етті», – дейді.

Олар Қанатқа жиһад туралы да айтады. Өзі де осы бағытта интернет қопарып, ниеттес адамдарды іздей бастаған. Сөйтіп 2007 жылы шешендердің бүлікшілер тобының жетекшісі Докка Омаровпен байланысады. «Ауғанстанда «жиһад парызын орындап жүрген» екі шешен жігітімен mail.ru-дың «Агент» әлеуметтік желісі арқылы байланысқа шықты. Олар әскери қызметін адал атқарып жүргенін айтып, мені Ауғанстанға шақыра бастады», – деп ол мән-жайды арыдан қозғады.

Ақырында олар Қанатпен кездеседі. Хасан деген шешен жігіт Хамитовпен кездесу үшін әдейі Орал қаласына келіпті. «Мен уәде беріп қойған соң, кездесуге бардым. «Ислам жолы –

тәспих тартуды мойындамадық. Жиһадқа шығуға ансарым ауды да тұрды. Мұның радикалды идеологияның әсері екенін білмедім. Ең алдымен, дұрыс қарым-қатынасты өзімізден, отбасымыздан бастауымыз керек екен. Өзгенің қолымен шоқ көсеп отырып, жат елдегі отты өшіруге құмар болу – адасушылық. Бүгінде көзім ашылды, Сирияның ланкестік ұясына, тіпті, белгісіз күштердің шайқасына арналған сынақ алаңына айналғанынан хабардармын. Онда түрлі мүлде қаттығысып жатыр. Ел жік-жікке бөлініп, ислам жолында деп есептелінгендер бір-бірімен соғысуда. Қан судай ағып, адам өліп жатқанын БАҚ арқылы көреудеміз. Содан мұнын исламға үш қайынаса да сорпасы қосылмайтынын білдім. Бұл қантөгістің жақсылыққа апармайтынын, мұның бәрі алпауыттар арасындағы сорақы

Қаз-қалпында

(Ұлмекен Жаналиеваға арнаймын. Авт.)

Содан бергі арада жиырма жылдан аса уақыт өтіпті. «Өзі, тұзы жеңілдеу адам едім, ұмытып кетпеңдер мені!» деген сөзі құлағымда әлі тұрғандай...

«Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» дейді. Әзімнен айтылса да, шындығы басым. Тілші ретінде кең-байтақ елдің түкпір-түкпірін талай араладық. О заманда біздің де әрбір «жортуылымыз» түрлі шырғаланға толы болушы еді.

Ойлап отырсам, іссапар кезінде пойыздан, тіпті ұшақтан кешігіп қалған сәттер де бар. Жастық албырттық, алаңасарлық... Ақымактық... Дәуіріміздің де ауаны ара-арасында сондай ойқы-шойқылау ма еді; әйтеуір, «тоқырау» деп аталған кезең мен одан сәл беріректегі тұстардың жақсылығымен қатар, расында да, кейбір қисық-қыңырлау «салт-дәстүрі» жоқ емес-ті.

Бірақ, обалы не, жүктелген тапсырманы мейлінше жоғары деңгейде орындап қайтуға тырысатынбыз. Майдан даласында алғы шепте жүрген жауынгердей, ол, тіріл, дйттеген жұмысты дер шағында және калайда биік деңгейде атқару міндет саналатын.

Жә... Әңгімені басынан баяндайықшы. О кезде республикалық «Қазақстан мектебі» журналы бас редакторының бірінші орынбасарымын. Басшымыз Сайраш Әбішқызы әлдебір жиында Қызылорда облысының сол кездегі су жана әкімі Бердібек Сапарбаевпен кезігіп қалады да, аймақ жетекшісі бұ кісіден басшымынның бір нөмірін өлкенің білім саласына арнауға қолқа салады. Апай «жарайды, мұндай ұсынысқа қуана келіскеннен басқа қандай қарсылық болуы мүмкін» деген секілді.

Жанылмасам, бұл 1996 жылдың маусым-шілде айларының бірі. Сонымен, асым-мүсей керек-жаракты сайлап алған белгілі фототілші Зейнел Үйсінбай екеуіміз материал жинап қайту үшін жүрдек пойызбен Қызылорданы бетке алып жөнеп бара жаттық. Күн ыстық. Қарғаның миы қайнайды дейтіндей аптап. Ығы-жығы жолаушы да мұнша көп болар ма; купелі вагонның ұзын дәлізінде ерсілі-қарсылы жөнкілген жұрт аяғы талайға дейін басылмады.

Бір сәт отарба тамбурына желпінуге шыққан екі журналист алдағы шаруа төнірегінде ақылдасып тұрдық. Тапсырма жөптеуір салмақты еді. Кезінде республика астанасы болған тарихи өлкеден, кемінде, үлкенді-кішілі жиырма-отыздай макала әзірленуі қажет. Сапасы жоғары суреттер түсірілуге тиісті. Межелеген оншақты күн арасында біздің келе жатқанымызды біліп, күтіп отырған әкімнен бастап, өзге де кейбір лауазымды адамдардан, жетекші-педагог мамандардан, білікті ұстаздар қауымынан сұхбат алынады. Қатардағы мұғалімдердің портреттері кестеленеді.

Сол жоспардың ауызша нобайын түздік. Ел ішіне барғанда өз-өзімізді қалай ұстаймыз деген мәселеге де «иолу» жасалды. Басты сұрақ: «Ішеміз бе, жоқ, ішпейміз бе?».

Менен едәуір ересек Зейнел ойлы көзбен тіктеніп, сынай қарап: — Ағайынды екеуіміз қосыла ләйліп алсақ, шаруа жайына қалады. *(Екеуіміз де Қарағанды облысының тумасы едік)*. Елден ұят. Абыройдан айырыламыз... Ал ішпесек тағы болмайды, онда да іс аққайды, — деді сенімді түрде. — Сондықтан шөлмек жағына ақырындап біреуіміз ғана жуысайық. Мен де жағдайдың «күрделілігін» түсініп тұрмын: — Онда қайтеміз... Үлкенсің ғой, сенің ішкенің жөн. Зекен күмілжіңкіреді. — Жок, — деді содан соң. — Сақалды басыммен стаканға жармасып отыруым онша жараса қоймас. Қайта, мұндайда жолдың кішіге берілгені қисындырақ. Еркелеп жүре бересің. Ештеңе етпес. Сөйтейік. Ал мен Алматыға қайта оралғанша арақ-шараптан татып алмаймын. Иә, сөйт. Сен іш... Осылайша көңілді сәл жайлап алып, жатар орнымызға қарай беттедік.

— Жаңағы байлама тоқтадық қой сонымен? — дедім мен купеге кіре бергенде сөзді біржола «бекітіп» алу ниетімен Зейнелге күле қарап. — Уәде ме? — Уәде! — Ендеше ренжімейсің. Серігім мәз болып қолын сілтеді: — Мейлін...

«Іздегенге — сұраған» дегендей, бізбен көршілес екі жігіт «шөлденкіреп» отыр екен. Олармен тез тіл табыстық та, біраздан кейін әңгімеміз жарасқан үшеуміз кітабын құшақтаған Зекенді онаша қалдырып, аздап «сусындап» қайтпаққа вагон-ресторанға тарттық. Көлігіміз Қызылордаға дейін бір тәуліктен аса жүретін секілді. Кішкене уақыт өткізейік дестік.

Жана таныстар әр нәрсені айтып, ұзақ бөгелгендейміз. «Кешіміздің» соны осы жігіттердің дастархан басында жолыққан достарының вагонында жалғасқан. Олардың жайы, тіпті түпте көрінеді, дөңгелектері тасыр-тұсыр етіп, алға қарай ырғатыла, аршындай жүйтікiген составпен қоса теңселіп, қабырға жағалап, оншақты вагон тізбегін ендіей өтуге тура келді. Одан тура сондай жолмен кештетіп кері қайтқан соң да отырысты түн ортасы ауғанша өз күпемізде қыздырдық.

Қаншалықты шектен шықпауға тырысқанмен, масайған адамның жағдайы белгілі ғой. «Құжыраға» бір кірдік, бір шықтық, дөңгелектер әуеніне қосылып әндеттік... арасында дауластық, даурығып күлдік — мұның бәрі Зейнел ағамның берекесін алынқырағаны түсінікті.

Әйтсе де, әрине, жалпы төртіпті, жауапкершілікті ұмыта қоймайсың. Одан соң бұл мүлде ойысз, бос далақтау да емес, мұндайда қаламгердің өмірді зерттеу процесі де жүріп жатады. Бір кезең дүниеде өзге «ракурстан» қарап, өзінді көптен толғандырған түрлі сұрақтардың жауабын іздей жүресің. Түрлі құбылыстардың нәзік қалтарыстарына бойлай түссесің. Қым-қуыт тартыстар сыры безбенделеді. Кейде әңгіме үстінде белгілі бір жәйтке қатысты өзін ғұмыр бойы білмей келген шындық көріністері сойған малдың қарнындай «ақ май-көк май» болып жайрап, ақтарылып та түседі. Журналист

машығындағы осындай үдеріс кейде бейсана түрде де жалғасады. Бірақ бұл жағдайынның мәніне көп ешкім тереңдей қоймайтыны анық; сондықтан аса ауа жайылмай, тізгінді тартынқырайсың...

Танертеніне мыңғы-дыңғылау күйде оянған соң, қой, ойбай, ертерек жинақталайық деп атып тұрып, сабын-сүлгіні алып, әжетханаға қарай аяндадым. Кешегідей «тірлігін» үшін іштей қысылып та қоясың. Өзінді біртүрлі кінәлі сезініп, пұшаймандау хәлге түссесің.

Зейнел орнында жоқ, бұрынырақ тұрып кеткен сияқты...

Әжетхана есігін ашсам, серігім қоқырайған бұйра-бұйра бұрыл шашын тарап тұр екен. Енді ғана жуынып-шайынып болған беті секілді. Ештеңеге ұрынбай жақсы тыныққан адамға қандай рахат. Көз жанары шырадай жанып, жүзі жайнап, әйнектей мөлділер тұр. Дегенмен, мені байқағанда кілт сұстана қалды.

— О-о, Зеке! Таң атпай тұрып кетіпсің ғой! — «Ұялған тек тұрмас» демекші, әйтеуір бірдене айту «парыз». — Немеңе, шашыңыз бозғылт тарта бастаған ба? — деймін әзілдеген түрмен аузыма түскен сөзді ойланбастан қойып қалып.

Зейнел бүкіл ашуын көзіне жинап, маған іргедегі үлкен айна арқылы сонша зілдене қарайды:

— Кешелен бері осы шаштың тең жартысын сен ағарттың!

Не дөйімді білмей ыржия берсем керек. Жүрегі жұмсақ ағам маған орын босатып тұрып, аяды ма екен, қенет түсін жылытып, «өй, жының құрғыр, нақұрыс-ай!» дегендей бас шайқап, қулана күлді.

Сәлден соң мен де асықпай реттеліп, қырынып, тісті де ұзақ ысып, иіс су себініп, купеге оралдым. Одан біраз шынаяқ ыстық шөй ішіп, жан шақырдық. Қағаз-қаламды дайындап, ойды да жүйелеп, жұмысқа ыңғайлана басталдық. Дегенмен, арасында гүлогін аныратып, желмен жарысқан алып отарба донғалақтарының дүбірі ұлы сәскеге дейін жалғасты.

Әлден мезгілде шағында Ақмешіт атанған үлкен шаһарға да келіп жеттік-ау.

Мұнда да күн шығып тұрған секілді. Перрондағы елден көз сүрінеді.

Мен сол жаз еңбек демалысына шығып, күнге қатты күйген едім. Онсыз да қоңыркай адам, қап-қара болып тотығып алғанмын. Тікірейген шашымның қалыңдығы бір елідей ғана. Кеудемде қаракөк түймелі ақ көйлек. Көзде — қара көзілдірік. Қызыл шырайлы Зейнелдің кигені жасыл гүлді қысқа көн жейде. Қалын, толқынды көкшулан шашы бұрқырап, жан-жағына маңғаз қарайды.

Ығы-жығы жүргіншілер арасынан екі әйел мойындарын созып, қол бұлғап, бізге қарай ұмсына ұмтылды. Күтіп тұрған адамдар сияқты.

— Журналдансыздар ма? — деді алғаш жеткен бикеш еңтігінкіреп.

— Иә, иә... — Бәсе, айттым ғой, Алматының адамдарын анадайдан танимыз. Қош келдініздер!

Сыңғырлай күледі. Көмекшісің ертіп шыққан Әлима Әбдіхалықова алайымыз екен. Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық колледжінің директоры.

Жатын орнымызды сол оқу орнының жатақханасынан сайлапты. Шопыр жігіт шағын екі сөмкені көлігіне салып, өзімізді отырғызып алған соң сонда тарттық. Жолшыбай түрлі сұрақтарымызды қоюға кірістік. Директор аталған колледжде кезінде әйгілі әншілер Бақыт Әшімова мен Мәдина Ералиева, белгілі мемлекет қайраткері Шәмша Беркімбаева, атақты ақын Нәлежда Лушникова оқығанын мақтанышпен жеткізді.

— О-о-о! — деп танырқамасақ лаж қалмайды. Кейбір ақпарат дүр сілкінтеді ғой. Расында да, казактың көптеген көрнекті тұлғаларының осындай құба төбел білім шаңырақтарынан түлеп ұшқанын ескере қоймаймыз...

Бөлмемізге кіріп, заттарымызды тастаған соң көп бөгелмей Бердібек Сапарбаевтың қабылдануына жөнелді. Ерте күнді кеш қылмай, іске кірісуге асыққанбыз.

Әкім мені бірден шырамытты. Бекенмен мұнын алдындағы жылдарда біршама уақыт Президент Аппаратында жұмыс істеген тұсында, одан Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Аппаратының жетекшісі болған кезінде жиі ұшырасатынбыз. Жүз таныс. Мен онда «Жас алаш» газетінің Саясат бөлімінде істедім де, мемлекет басшысы өткізген мәслихаттарда Бердібек ағамыз лауазымды қызметкер едім демеі-ақ, тілшілердің арасында қасы-көзі мойылдай болып, монтиып қана отыратын сыпайы жігіт-ті.

Жанары жарқылдап, ерекше қуанышты жүзбен:

— О, сен бе бұл келіп қалған... Мұнда қашан келіп едің? — деп орнынан тұрып құшақтай алды. — Бүгін... жана ғана келдік қой... — Жок, «Қазақстан мектебіне» — деді. — Е-е... Бір жылдай болып қалды. Келген шаруамыз түсінікті. — Жарайды, — онда деді. Жұмысқа кірісе берініздер.

Мөн-жайға қанық әкімнің көмекшісі біз үшін қажетінше қысылмай жүріп-тұратын машина даярлап қойғанын айтты. Сыртқа шықсақ, «Ақбоз ат менін тұлпарым» дегендей, аппақ «Жигулі» автокөлігін көлденен тартқан жүргізуші жігіт пен бір сымбатты әйел адам күтіп тұр.

Таныса келсек, Ұлмекен Жаналиева, Теренөзек аудандық оқу бөлімінің менгерушісі көрінеді. *(Кейін білдім, Ұлкен о кезде қырық бес-қырық алтылар шамасында екен. Ал біздің отыз жасты орталаған шағамыз)*. Жергілікті ахуалды жақсы білетін жолбастаушы ретінде белгіленген адам екенін біліп, қуанып қалдық. Шынында, бұ кісі жұмысымыздың жартысын атқарып та қойған сияқтанды. Бізді әкімшілік ғимаратына алып

www.jasqazaq.kz
E-mail: jas_qazaq@mail.ru

келген колледждің автомашинасын босатып, «өз» көлігімізге жайғасқан соң осы апайдың көмегі арқылы қай мекемеде кіммен жолығамыз, қандай нысан қамтылалы дегендей, бүкіл іс жоспарын енді жазбаша түрде нақтылалық. Істі алдымен қаламен жапсарлас жатқан елді мекендерден бастау ұйғарылды. Ал облыс орталығындағы білім шаңырақтарын кез келген сәтте аралап үлгереміз деп шештік.

Әлден мезгілде тактайлай сайраған асфальт жолдың апшысын қуырып, дйттеген межелердің біріне қарай зауылдап бердік.

Ұлмекен тәтеміз бірден баураған. Журналист те пенде баласы, қаншалықты алғыр едім дегенмен, сыртқа шыққанда танымайтын жердің ой-шұқыры көп, аздап абдырайтын сәттер де кездеспей қалмайды. Сондайда ежелден таныс-біліс адамдай бүкпесіздік байқатағын Ұлкенке қамқор әпкене жолыққандай үйірілмей қайтесің. Сабырлы дауысы, нық сөз саптасы да көңілге берік сенім ұялатқан. Әрбір қимыл-әрекетінен мол парасат, ақыл лебі сезілетін жанның армандай биік тұлғасы көрінгендей болды.

Көліктің алдыңғы орындығынан ара-арасында артқы жақтағы қос тілшіге бұрыла қарап, кейбір кәперде ұстайтын жәйттерді пысықтап, түсіндіріп қояды. Алтын жиекті көзәйнегі күн сәулесіне шағылысып, жалт етіп қараған сайын алға тартқан әлдебір үміт отындай жетелейді. Өзінің ұтқыр әзілі де жоқ еместей.

Барған жеріміздің бәрінде жұрттың Ұлмекен Шанайқызың хан көтере құрметтейтінін аңғарлық. Қайда келсек те, алдымыздан құрақ ұшқан топ кісі мен мол дастархан күтіп тұрады. Бірақ мұнда ішіп-жеп, думандатып қайту



Ұлмекен. *(Кейінкердің жас шағы)*. Суретті салған автор

үшін келген жоқсың; көл-көсір ілтипатқа іш жылығанмен, аздап қысылынқырайды екенсің. Үй иелеріне «ниеттеріңізге рахмет, әйтсе де, мұншалықты ықылас артықтау шығар» деген емеуірініміз іске аспалы. Жеті-сегіз күндей уақыт ішінде зор іждағат еш ортаймады. Кейде, тіпті бір күнде үш табақ етке бата жасаған кезіміз бар. Әйтеуір, осындай жүздесулерде бірнеше маманмен сұхбаттасып үлгеріп отырдық.

Үстелде, әлбетте, жеміс-жидек, көкөңіс арасынан мойындары қылқиған шөлмектер жылтырайды. Зейнел достың: «Ішпесек тағы болмайды» деуінің мәнісі — мұндайда жоғарыдан арыз тексеріп келген уәкілше қабағың кіржііп, сіресіп отырсаң, сөздің қиоласа қоймайтыны мәлім. Кейіпкерің ашылмайды. Ал сен жарқын пейілді жайып салып, арқа-жарқа сөйлесіп, ел қатарлы «өнеш жібітуге» кіріскен беттен-ақ әңгіме ауаны өзгеріп сала бермекшіі.

Алматыдан шығардағы «шартқа» сәйкес ауыл-үй иелерімен рөмке түйістіріп, «дәм» тата бастаған мен «бұралқы сөз құлуге жақсы» дегендей, арагідік атты-бұттылап, тосын бірденелерді айтып қалып отырамын. Жағалай жұрт лу-ду күледі. *(Бұл, бір жағғынан, кәсіби «қулыққа» жататын әдісіміз)*. Ұлкен де мұнымды теріс көрмеді:

— Дұрыс. Ішімдегіні тап деп сызданып, кісімісмей, осылай ашық, батыл болған жақсы! — деп қоштау білдірді.

Зекен сөзінде тұрған. Қаздып, жан-жағына екі шекеден кезек қарап, ішкілік легенді ғұмыры татып көрметен «пірәлар» кейіпінде жүр. Ел жағдай мәнін қайдан бісің, мені е-е, мына қатқан қара өзіміздің адам екен. Бұдан ешқандай қауіп жоқ» дегендей жайылып түседі. Ал қосулы кішкене кара диктофон «жарықты» тұқ білмегендей, тымпыып, өз жұмысын мүлтіксіз атқарып жатады...

Мол дастархан кешкісін жатақханаға жеткен соң да жалғасқан кездері ұшырасты. Бір күні Зейнел екеуіміз кезекті «жорықта» кейін бөлмеде отыр едік, телефон шырылдады. Тұтқаны көтерсем әлдебір ер адам:

— Амансыз ба? Сіз бәленше емессің бе, тілдесуге болар ма екен? — деп атымды атайды «Аллау, мұнда мені кім тануы мүмкін?!» деп ойран-асыр болдым. Ақмешіт еліне алғашқы сапарым еді.

Сөйтсем, қоныраулатып тұрған — майор Ерболат Жүсіпов ағамыз. Жергілікті жазушы. Ұзақ жылдар ішкі істер саласында қызмет еткен адам. Кезінде «Жалын» журналында детектив

жанрындағы хикаяттары жиі жарияланатын-ды. Сол күні Сырлария ауданының әкімі Оналбек Сәпиевке соққанбыз. Біздің жүргенімізді сол кісі айтыпты. «Құлтөлеу келді. Қара тастан қашаған қалақтай ғана жігіт екен. Өзі ештеп қызыңқырап алыпты. Дегенмен, оқасы жоқ; мұндай жігіттер сондай болады ғой!» — деп күліпті. Онекенмен сырттай таныспыз, әрине. Аты-жөнімізді баспасөз арқылы біледі.

Тілдесіп болған соң Ерболаттың өзі де жетіп келіп, Зейнел екеуімізді қоярда-қоймай үйіне алып кетті. *(Бү кісінің шаңырағындағы кездесуіміз жеке бір әңгімеге татиды)*.

Қысқасы, іссапарымыз осындай күндіз-түнгі «меймангершілік» арқылы ақырын жылыжып жатты. Әр үстелден бірлі-жарым стақаннан татқанның өзінде «бірқылдыруға» барып қалатының белгілі; шаршанқырайсын. Сөйтіп, ақ «Жигулиге» жайғасып, қиыр дала, қиян жондар арқылы бір ауылдан екінші елді мекенге аттанған кезімізде артқы жақ орындыққа шалқая отырып алып, «мызғуға» кірісемін.

Терезе сандлауынан қарсы соққан ерке жел лекілдей желпіп, жаға-жеңді жұлқылаған кезде ақырындап көзімді ашып, кірпік астынан жол жиегіндегі күріш алқаптарын шолып қаламын. Арасында қалын зират тұсынан өтеміз. Ондайда ескі әдет бойынша бет сиялысын. Қасымда қатар отырған Зекене қылжақ керек, бұл қылығыма бас шайқап, үнсіз ұзақ күледі.

Анда-санда оның сұрақтарына жауап қатып отырған Ұлмекен апайдың өңгімесі құлаққа жетелі. Екі кішкене үлмен отыз жаста жесір қалыпты. Жолдасы Бертай отыз төрт жасында көз жұмған. «Бәсе. Ұлкен айтарын айтып салатын өр мінез, бетті көрінгенімен ұндығы да жоқ емес сияктанып еді. Табиғатында күрделі тағдыр ізі жатыр екен-ау» деп толғанамын.

Есте қалған айрықша көріністің бірі

— Қызылорданың қыздары керемет сұлу екен. Қайран қалдым. Кезінде қатар оқыған қызылордалық құрбыларымыз да бар еді. Бірақ дәл мұнша танырқатқан емес. «Қыз Жібектің құрметі... жиһаннан асқан сәулеті» дегендей, шараптың әсерінен бе,

бейіштің хор қызындай әрулар көздері мөлтілдеп, бірінен-бірі өтіп, сиқырдай арбалы. Тіпті бір мезет басым айналып кетті-ау деймін. Зейнелдің де сыр бергісі келмегенімен, анырып, тіл-жақтан айырылғанын байқаймын. Әлгіндей отырыстарда әзілдеп:

— Мынандай аймандайларды Алматыға жібермейсіздер-ау, ә?! — дегенімде атан өгіздей бір жігіт жамбастап жатып ыржия күліп:

— Иә, ол өтірік емес. Анау Шымкенттің жігіттері-ақ әрі асырмайды. Жолда алып қалуға тырысалы, — деді. Ұлмекеннің кейпінен сол сұлулардың кемелденген, толысқан, сындылар тұсын көргендей болар ен. Бірақ о кісінің сөз орайында «мен әлемі емеспін» деп қалғаны еске түседі. Кішіпейілдікпен айтты-ау деп түйгенмін. Әлде көріктің де кейде салыстырмалы нәрсе екенін еске салғаны ма екен. Сыртқы ахар мен жан әлемі сәтті үйлессе нағыз сұлулық деген, бәлкім, сол шығар.

Осыны ойлаған мезгілде аққұба жүзі алабұртғып, сызылтып ән салды:

*— Көктемдей құлтырған,
Ерекше нұр тұлғаң.
Есімнен кетпейді
Жанарың нұр тұнған...
Нұр тұнған, сыр тұнған,
Бір сырдаң, бір бұлаң.
Жолыңда болсамшы,
Алыр-ай, мен құрбан...*

Жүректің тұңғыхк теренінен сыр үзгендей әсем үн жан тербеп, қиял қанаттандырады. Ертелі-кеш шабылумен жүрдік десек те, жұмыс арасында бір мезгіл осындай да ғажайып әсерлерді бастан кештік. Сол секілді жұлдыздары самсап, ақ самалы лекіген түнгі Қызылорданы тамашалауға да уақыт тауыппыз.

Әйтеуір, өстіп жүріп, дйттеген міндетімізді біртіндеп еңсергендей едік.

Алматыға аттанар шақтағы шөй үстінде Ұлмекен маған салалы ақ саусақтары майысып, салфеткамен әдемілеп сүртіп, бір тал өрік ұсынады. Сол сәт көзіме қолындағы өріктің етін сүйегінен айырып, немересі Жәбраһилдің аузына салатын Абайдың кескіні келіп еді. Мен осынау дәмді Ұлкеннің кіршіксіз ниетінің, зор құрметтінің белгісіндей қабылдадым.

— Өзі, тұзы жеңілдеу адам едім, ұмытып кетпендер, ә?! — дегенді дәл сол кезде айтты.

Атаусыз қалмайын деген тілек қой. «Жок, ұмытпаймыз! Неге ұмытпайыз?» деген сөзді дауыстап жеткізбесем де, әлгі өрікті ала беріп, көзім бақырайып бас ізеп едім.

Істі аяқтап, астанамызға да қайттық. Зейнел осы күндерді көпке дейін «жыр» қылып айтып жүрді.

— Мына жанды көліктің артқы жағында қалғып отыралы. Жолда төбешік немесе бір бұта ұшырасып қалса, алақанын жайып дұға жасайды, — деп жолдастардың ішек-сілесін қатыралы. Күні бүгінге дейін кездесіп қалғанда: — Әй, қанымды іштің-ау сонда! Сенімен бірге жеті күнге Қызылордаға барғанша, жеті жыл Қолымада жүріп келгенім жақсы еді! — деп көзінен жас ақканша шықылдап күледі.

Журнал шықты. Ұсақ заметқалармен бірге отыздай макала жарияланған. Бірақ оның ішінде Ұлмекен Жаналиеваның аты жоқ-тын. Бу кісіден сұхбат та алмаппыз. Жұмысқа зор қолғабыс тілзігені үшін арнайы алғыс айтпақшы едік, облыстық Білім басқармасының жетекшілері қоңырау шалып: «Ой, неғыласыңдар! Бір адамды жеке-дара атау ынғайсыз ғой. Басшылық дұрыс түсінбей қалуы мүмкін» деп қарсылық білдірді. Қайтерміңді білмей көп қиналдым. Сөйтіп, о кісі туралы алдағы сандардың біріне бөлек дүние дайындармын деп өз-өзімді жұбатқанымды білемін. Бірақ сол «даярлық» жиырма екі жылға созылыпты...

Таяуда Көк базарға соққанмын. Саудагерлер тегін беретін кішіше, сонадайдан қол бұлап шақырып, өрік-мейізін нұсқап: «Келіңіз! Алыңыз!» деп бөйек болады. Самсаған жеміс көз алдыма Қызылорда сапарын әкелді. Ұлмекен апай еске түсіп, қатты қысылдым.

Расында, мен о кісіні ұмытқан жоқ едім.

Қалай ұмытасың!

Құлтөлеу МҰҚАШ,
Алматы

АЖАТТАРАҢ
ӨЗІҢҒЫ БАР

«Қалыңсыз қыз болса да, кедесіз қыз болмайды» дейді қазекем. Қалыңы беріліп, кедесі жасалған қызға жасау-жабдық беру – бұрынғының салты.

Жасау - жарыс



Сол бұрынғылар қыз жасауына келгенде «көрпесіне қарай көсілген». Ал қазір қызға жасау-жабдық беру бәсекеге айналып кеткендей. Мәселен, facebook әлеуметтік желісінде қыз жасауының видеосы жүр. Тіпті оны кейбір сайттар көшіріп басыпты. Әлгі аста-төк жасаудың ішінде бәрі бар. Қымбат қалың кілем, сандық, ыдыс-аяқтың алуан түрі. Қыздың 25 түрлі көйлегі, әр көйлектің түр-түсіне сай ұстайтын 15 қол сөмкесі тағы бар. Ол аз десеніз, сол 25 көйлекпен бірге киетін 25 аяқ киім жүр. Қыстың қамын жаз ойлаған қалыңдықтың төркіні бағасы удай қымбат 4 қара

күзен терісінен тігілген тон және екі 2 жағалы киім әкеліпті. Видеода қалыңдық жақтан келген құдағи қыздың әр затын қоржыннан шығарып, көпшілікке көрсетіп, бағасының қымбат,



сапалы екенін айтып, төрде отырған әжелер мен апалардың «бағасын» алады.

Ұлттық құрама Азия ойындарына аттанды



Еліміздің көк байрағын желбірететін спортшыларымыз Индонезияда өтетін жазғы Азия ойындарына сақадай-сай. Алматыда өткен Қазақстан құрама командасын шығарып салу салтанатты рәсіміне келген жұртшылық спортшыларымызға сәттілік тіледі.

Қазақстан ҰОК бас хатшысы Елдос Рамазанов: «Құрама команданың Азиядағы дайындалуы үшін Ұлттық олимпиада комитеті мен Мәдениет және спорт министрлігі бірлесіп отырып, барлық мүмкіндікті жасады. Осы еңбек ақталып, өз жемісін береді деген үміттеміз. Еліміздің атлеттері

құрлықтық додада дәстүрлі түрде үздіктер қатарынан көрінеді. Спортшыларымыз биылғы ойындарда да жанкүйер қуанышын еселей түсетініне сенемін», — деді. «Индонезияға аттанатын барлық спортшының мақсаты — жеңіс тұғырынан көріну. Жауапкершілік ауыр. Дегенмен намысты қолдан бермейміз. Біз қазақтың көк байрағын желбіретіп, еліміздің аңуарын асқақтатуға серт береміз», — деді команда мүшесі Сұлтан Дүзелбаев.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

«Н» сыныбы бар

Алайда аядай ауылдағы халық санының бұлай тез көбейетінін ешкім болжамаса керек. Мұнда бір ғана білім ордасы бар. Биыл Қоянды ауылындағы орта мектеп 18 бірінші сыныпты қабылдайды. Оқушылар санының күрт өсуіне байланысты мектеп үш ауысымға көшуге мәжбүр. Ауылдағы күрмеуі шешілмеген



мәселе жалғыз бұл емес. Қояндыда жол, жарық, ауыз су, коқыс төгу сияқты мәселелер шешімін таппай тұр.

«КӨШЕДЕ»

Instagram – байлық жасайында,
Facebook – айлық жасайында.
Ал менде уақыт жоқ ондай,
Жазсам да қайғы-мұңымда.

Орындайтын:
әнімі Руфат
Маратұлы

МАҒЫНАСЫЗ ӘН

БҰҒЫНҒИ
САТНАРА

Иір-қиыр интернет

Ілдекен интернет келмей тұрып, есейіп-ержеткеніне өкінсе де, баласының бағы жанып, заманы соған тура келгеніне тәуба дейді. Әсіресе, докторлық диссертациясына керек мағлұматтарды бүге-шігесіне дейін тауып берген баласына дән риза... Керегінді айта қал, іздеп із кезеді де әп-сәтте алдына тастайды.

Ілдекен баласы тауып берген мағлұмат атаулыны қиыстырып:

— Атыннан да, затыннан да айналдым интернет... Сен болмағанда архив кезіп жүнжіп бігер едім-ау!... — деп риза кейіпте күбірлеп отыр еді, аяқасты бойжеткен қызы: — Әке, мені алып қашып кетті! — деп жайсыздау хабарды дүңк еткізгені.

Ілдекен «Бағын ашылсын!» дей жаздап барып, «алып қашқан» деген сөзді қолапайсыздау көрді де: «Қазір қызым, хабарласамын» деп тоқтау айтып, болашақ құданын аты-жөнін сұрап алды да, баласына:

— Мына кісі жөніндегі бар мағлұматты тездетіп тап! — деп болашақ құданың аты-жөнін алдына тастады.

Интернет із кесіп: «Күзетші. Кейінгі әйелімен пәтер жалдап тұрады. Бұрындары істі болып сотталған...» деген мәңдегі мағлұмат берген бойда Ілдекен, қызына:

— Құртамын! О заманда бұ заман алып қашты деген не сұмдық! Келісім берме! Барамын да көздеріне көк шыбын үймелетемін, түрмеге тоғытамын! — деп токетерін айтып жұлқына жолға шықты.

... Орта жолдан асқанда баласы хабарласып:

— Әке, бағанағы мағлұмат басқаша болып тұр, интернет қателесіпті... Құданыз шенеунік екен. Баршылықтың иесі. Интернет болашақ құданыңдың зәулім коттеджі алдында түскен суретін де көрсетіп тұр, — демесі барма.

Біреу Ілдекеннің үстінен мұздай су құйып жібергендей болды...

Көлігін кідіртіп, ақылға келе сабасына түсіп:

— Қызым, әкенді тыңдасаң келісімінді бер. «Өз еркіммен келдім» деп қолхатыңды жаз. Барған жерінде бағын ашылсын, — деп токетерін айтып кері қайтты.

... Аулаға енгені сол баласы қолында ноутбугі:

— Әке, әпкемнен болашақ құданыңдың аты-жөнімен қоса туған жылын сұрап алып интернеттен қайта іздеп көріп едім... фамилиясы бірдей болып шығып, анығы — болашақ құданың бағанағы басындағы кісінің нақ өзі екен, — демесі бар ма...

... Ілдекеннің үстінен біреу тағы да мұздай су құйып жібергендей болды... Көзі қарауытып, аяғы тәлтіректеп:

— Атана нәлет иір-қиыр интернет! Түбімізге жеттің, жеткізбей желке қидырдың! Бөрінен де қызымның қолхат беріп қойғанын айтсаңшы! — деп табалдырыққа құлап құлқ түсті...

Берік САДЫР

Орман сусары



Орман сусары-сусарлар тұқымдасына жататын жыртқыш сүтқоректі аң. Дене тұрқы 43-58 см. Салмағы – 1,8 келі. Иілгіш денелі, қысқа аяқты: терісі қара, омырауында ақ дағы бар. Елімізде Жайық бойында және оның төменгі ағысында кездеседі. Көште немесе түнде ғана шығады. Сәуірде күшіктейді. Тышқан тәрізділер мен кішігірім құсты жеп қоректенеді. Қазақстанда жалпы саны 200 бас орман сусары бар. «Қызыл кітапқа» енген аңның азаю себебі – орман алқабының кемюі мен қасақана аулау. Орман сусары қолда ойдағыдай өседі. Қазір еліміз бойынша үш қорықта бар және қорғауға алынған.

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі Тілшілер мен қызметкерлер: Макпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait	Аймақтағы меншікті тілшілер: Бейсен НАРЫНБЕК — Астана қаласы (8 702 799 79 23) Байкал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Лина АЙДЫН — Алматы облысы (8 707 666 16 03) Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Макпал НОҒАЙБАЕВА	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-кабат <i>(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)</i> Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі) Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Талсырыс — №2125; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 46 000 дана <i>Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «Air Astana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.</i>
--	--	--	--

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, №16904-Г куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция қозқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.